**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**
***Сыртқы сараптау комиссиясы***

***АРТА***
***Аккредиттеу кеңесіне***
***жіберілді***

«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»
INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

**«Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті» КЕАҚ**
**«6B01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»**
**«6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы**

**ЕСЕБІ**
**2026 жылғы 3-5 наурыз**

**Алматы қ.** **«5» наурыз 2026 жыл**

Мазмұны

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ....3
(II) КІРІСПЕ....4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ....5
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ....6
(V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ....7
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ..9

**6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»....9**

**6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»....13**

**6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»....17**

**6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы»....22**

**6.5. Стандарт «Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»....25**

**6.6. Стандарт «Білім алушылар»....28**

**6.7. Стандарт «Профессор-оқытушылар құрамы»....34**

**6.8. Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»....39**

**6.9. Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»....43**

(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ / ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ....46
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ....47
(IX) АКРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС....49
**(X) Қосымша 1. «Сыртқы сараптау комиссиясының қорытындысы» бағалау кестесі**
....50
ҚОСЫМША 2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ....62
ҚОСЫМША 3. ПОҚ САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ....73
ҚОСЫМША 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ....81

## (I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АЖ – ақпараттық жүйе
АК – академиялық күнтізбе
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология
ББ – білім бағдарламасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БП – базалық пәндер
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖБП – жалпы білім беру пәндері
ЖОО – жоғары оқу орны
КАБИС – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі
КП – кәсіптендіру пәндері
КТ – кешенді тест
КС – кәсіби стандарт
ҚР – Қазақстан Республикасы
МАК – мемлекеттік аттестациялық комиссия
МК – міндетті компонент
МҚА – мемлекеттік қорытынды аттестация
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
МҚС – мемлекеттік қызмет стандарты
МҚ – мемлекеттік қызмет
МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МББ – модульдік білім беру бағдарламасы
ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
РМЭБ – Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана
СҚКО – студентке қызмет көрсету орталығы
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
СӨЖ – студенттің  өзіндік жұмысы
СОӨЖ – студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы
СЖО – студент жастар одағы
СТОД – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
ТК – таңдау компоненті
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ҰБЖ – ұлттық білім жүйесі
ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
ЭЗЖ – эксперименттік-зерттеу жұмысы
ЭПК – элективті пәндер каталогы

GPA – Grade Point Avarage (жұмсалған жалпы уақытты есепке алғандағы барлық өтілген курстардан алынған орташа арифметикалық баға)

ECTC – Europian Credit Transfer and Accumulation System (кредиттерді ауыстыру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі)

ISO – International Organization for Standardization (стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым)

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі бас директорының №*20-26-ОД 21.01.2026* бұйрығына сәйкес 2026 жылдың 3-5 наурыз аралығында сыртқы сараптау комиссиясы «Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті» КеАҚ «6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша IAAR мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде аталған ББ қызметінің мамандандырылған аккредиттеу аясындағы IAAR критерийлеріне сәйкестігі бағаланып, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары берілген.

**Сыртқы сараптау комиссиясының құрамы:**

*1. IAAR комиссиясының төрағасы* – Погребицкая Марина Владимировна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (Петропавлов қ.). *Off-line қатысу;*

*2. IAAR шетелдік сарапшысы* – Настасенко Вячеслав, PhD, қауымдастырылған профессор, Молдова Техникалық университеті (Кишинев қ., Молдова). *On-line қатысу;*

*3. IAAR сарапшысы* – Карстина Светлана Геннадьевна, физика – математика ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық ғылыми зерттеу университеті физика және нанотехнология кафедрасының профессоры (Қарағанды қ.). *Off-line қатысу;*

*4. IAAR сарапшысы* - Абилев Мади Балтабаевич, PhD, қауымдастырылған профессор, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (Алматы қ.). *Off-line қатысу;*

*5. IAAR сарапшысы* – Шевякова Татьяна Васильевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы қ.). *Off-line қатысу;*

*6. IAAR сарапшысы* – Жумагулова Омиргуль Акановна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент «Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ (Көкшетау қ.*). Off-line қатысу;*

*7. IAAR сарапшысы* – Бурбекова Сауле Жорабековна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Astana IT University (Астана қ.). *On-line қатысу;*

*8. IAAR сарапшысы* - Носиева Назым Кажимуратовна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық спорт университеті (Астана қ.). *Off-line қатысу;*

*9. IAAR сарапшысы, жұмыс беруші* – Нусупова Раушан Мұратхановна, Алматы қаласы Білім басқармасының «№15 гимназия» КММ оқу жұмысы жөніндегі бірінші санатты директордың орынбасары, педагог-зерттеуші. *On-line қатысу;*

10. *IAAR сарапшысы, студент* – Ильжанов Руслан Абаевич, DevOps инжиниринг білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ (Астана қ.);

11. *IAAR сарапшысы, студент* – Мұратова Аяжан Мәлімқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» (Қостанай қ.);

12. *IAAR сарапшысы, студент* – Ануарбекова Альбина Аманжоловна, Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» (Павлодар қ.);

13. *IAAR ССК ұйлестірушісі* – Бекенова Динара Қайырбекқызы, IAAR жобасының жетекшісі (Астана қ.).

## (III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарихы 1944 жылдан басталады. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ ҚР Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен қаржы министрлігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы №286 бұйрығына сәйкес 2020 жылдан бастап «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ретінде жұмыс істейді.

Университет өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық білім беру жүйесі шеңберінде Жарғы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 18 мамырдағы №286 бұйрығымен бекітілген) және «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі 2025 жылғы 28 мамырдағы берген №KZ80LAM00004191 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі. Университетте 5 институт базасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау 105 ББ бойынша, соның ішінде 62 ББ бакалавриат, 31 ББ магистратура, 12 ББ докторантура бойынша жүзеге асырылады.

2025 жылы 27 білім беру бағдарламасы бойынша университет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы рейтингінің алғашқы ондығына кірді.

Университет жыл сайын QS, Webometrix әлемдік рейтингтеріне қатысады. QS – Asia 2025 нұсқасы бойынша Азияның жетекші жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингінде Университет 2000+ қатысушылардың ішінен 1001-1100 орын алады, сондай-ақ Университет QS Stars халықаралық рейтинг жүйесінде кешенді бағалау қорытындысы бойынша беделді 4 жұлдызды рейтингке ие болды.

Жыл сайын «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» өткізетін Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының 2023 жылға арналған «Топ-20» бас рейтингісінде университет 10-ға, 2024 жылы 8-ге, 2025 жылы еліміздің 7 жетекші жоғары оқу орындарына кірді.

Университет меншігінде жалпы ауданы 23458,8 ш.м. және пайдалы ауданы 13215,6 ш. м. үш оқу корпусы, «Аққу» жүзу бассейні (жалпы ауданы 633,5 ш. м. 32 орынға 4 жүзу жолы бар (ұзындығы 25 м.), жалпы ауданы 23111,6 ш.м. жеті жатақхана, бір Ғалымдар үйі, тамақтану комбинаты (екі асхана мен буфет), медициналық орталық, «Жан Шуағы» психологиялық орталығы, сондай-ақ жаттығу залы мен жалпы алаңы 1125 шаршы метрді құрайтын оқу спорттық кешені бар.

Университеттің Ғылыми кітапханасы аумағы 42952 м. жеке тұрған ғимаратта орналасқан, онда 5 беру пункті, 1 абонемент және 5 оқу залы бар. Университет кітаханасының қоры 1 044 800 дана баспа басылымын құрайды. Оның ішінде мемлекеттік тілде - 916 427 дана; орыс тілінде - 113 568 дана; шетел тілдерінде - 14 805 дана. Оқу құралдары, оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдар саны 845 576 дананы құрайды, бұл қордың жалпы көлемінің 80,9%-ына сәйкес келеді (Ашық қолжетімді кітаптардың жалпы саны 31 885 дананы құрайды, олардың барлығы RFID-белгілермен жабдықталған.

## (IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінде (IAAR) өткізілген алдыңғы мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен кейін сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдары университет деңгейінде жүйелендіріліп, кешенді түрде талданды. Сарапшылардың ұсынымдары білім беру бағдарламаларын одан әрі дамытуға, білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіруге, сондай-ақ білім беру сапасын тұрақты арттыруға бағытталған түзетуші және дамытушы іс-шараларды әзірлеу мен іске асырудың негізі ретінде қабылданды.

Осыған байланысты университетте білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған институционалдық және академиялық шаралар кешені жүзеге асырылды. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларын басқару тетіктерін жетілдіру, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, білім сапасын ішкі мониторингтеу жүйесін күшейту, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби даярлығын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру бойынша жұмыстар жүргізілді. 2024 - 2025 оқу жылында «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары жеті жылдық мерзімге берілген мамандандырылған аккредиттеу нәтижелері бойынша постаккредитациялық мониторингтен өтті. Аталған мониторинг аясында аккредиттеу ұйымының ұсынымдарының орындалу деңгейі және олардың білім беру процесіне енгізілу тиімділігі бағаланды.

Постаккредитациялық мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламалары бойынша мамандандырылған аккредитация ұсынымдарының жалпы орындалу деңгейі 90 - 92%-ды құрайтыны анықталды, бұл білім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкестігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Университетте білім беру бағдарламаларын тиімді басқару, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін жүйелі арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, сапаны мониторингтеу және бағалау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ түлектердің жұмысқа орналасуының тұрақты көрсеткіштерін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Стандарттар бойынша ұсынымдардың орындалу деңгейі төмендегідей:

1 - стандарт. Білім беру бағдарламасын басқару – 100%;

3 - стандарт. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту – 95%;

4 - стандарт. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау – 80%;

6 - стандарт. Білім алушылар – 90%.

Жалпы алғанда, білім беру бағдарламалары бойынша постмониторинг ұсынымдарының жиынтық орындалу деңгейі 90 - 92% деңгейінде бағаланды.

Сонымен қатар, «5B012100 (6B01702) – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» және «6M012100 (7M01702) – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары да жеті жылдық мерзімге берілген мамандандырылған аккредитация нәтижелері бойынша постмониторингтен өтті.

Постмониторинг барысында аккредиттеу органы берген ұсынымдардың орындалу деңгейі және олардың білім беру процесіне енгізілу тиімділігі талданды. Нәтижесінде енгізілген өзгерістердің орнықтылығы, басқарушылық шешімдердің тиімділігі және білім беру бағдарламаларының IAAR мамандандырылған аккредитация стандарттарына сәйкестігі расталды. ССК ұсынымдарын жүзеге асыру бойынша жүргізілген талдау нәтижелері төмендегідей:

1-стандарт. Білім беру бағдарламасын басқару – 100%. Білім беру бағдарламаларының академиялық жетекшілеріне білім беру менеджменті саласы бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру тәжірибесі жүйелі түрде жалғастырылуда;

2-стандарт. Ақпаратты басқару және есептілік – 100%. Білім беру бағдарламаларына енгізілген өзгерістер туралы барлық мүдделі тараптарды хабардар ету тетіктерін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілуде;

3-стандарт. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту – 50%. Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігі университет деңгейінде қарастырылуда;

4-стандарт. Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау – 80%. Білім беру бағдарламаларын басқару барысында ықтимал тәуекелдерді анықтау және оларды жүйелі түрде мониторингтеу практикасы енгізілген.

5-стандарт. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау – 80%. Шетелдік білім алушыларды бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

7-стандарт. Профессор-оқытушылар құрамы – 90%. Оқу процесіне тәжірибелі практик-мамандарды тарту тәжірибесі кеңейтілуде. Сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамының жақын және алыс шетелдерде тағылымдамадан өту және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері қарастырылуда. Әртүрлі дәйексөз базаларында Хирш индексі бар профессор-оқытушылар санының өсуі байқалады.

Сонымен қатар білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамын технологиялық қолдаумен қамтамасыз ету (онлайн оқыту платформалары, цифрлық білім беру ресурстары және т.б.) толық көлемде жүзеге асырылған.

Жалпы алғанда, «5В012100 (6В01702) – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін жүзеге асыруға практик-мамандарды тарту тәжірибесі енгізілген.

Постмониторинг нәтижелері бойынша аталған білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдардың жиынтық орындалу деңгейі 89% деңгейінде бағаланды.

## (V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ

ССК жұмысы «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ мамандандырылған аккредитациясы бойынша сараптамалық комиссияның сапар бағдарламасы негізінде 2026 жылғы 3-5 наурыз аралығында жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 2026 жылғы 3 наурызда ұйымдастыру жиналысы өтті, онда комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапар кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелері бойынша келісімге қол жеткізілді.

Білім беру бағдарламаларының сапасы, білім беру ұйымы және университеттің барлық инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есептерінің мазмұнын нақтылау үшін Басқарма төрағасы, төраға орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер басшылары, оқытушылар және тыңдаушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Барлығы 166 өкіл қатысқан.

**Кесте 1 – АРТА-нің ССК-мен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен тыңдаушылар туралы мәліметтер**

| **Қатысушылар категориясы** | **Саны** |
|---|---|
| Басқарма төрағасы-Ректор | 1 |
| Проректорлар | 5 |
| Құрылымдық бөлімше басшылары | 32 |
| Институт директорлары | 4 |
| ББ жетекшілері | 12 |
| Профессорлық-оқытушылар құрамы (2 кластер) | 19 |
| Білім алушылар (2 кластер) | 42 |
| Түлектер (2 кластер) | 34 |
| Жұмыс берушілер, практика базаларының өкілдері (1 кластер) | 17 |
| **Барлығы** | **166** |

Экскурсия барысында ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жағдайымен танысып, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ зертханалары, кітапханалары, оқу кабинеттері мен практика базаларының жұмысына назар аударды. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ мақсатты топтарымен кездесуде университеттің саясатын іске асыру механизмдері мен өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтер нақтыланды. Өзін-өзі бағалау есебінде ұсынылған ақпаратты растау үшін сыртқы сарапшылар жоғары оқу орнының жұмыс құжаттамасын сұратып, талдады. Аккредитация кезеңінде жоспар бойынша регламентке сәйкес жұмыс атқарылды.

Жоспарланған бағдарлама аясында «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ білім беру ұйымын жетілдіру бойынша ұсыныстар 2026 жылғы 5 наурызда басшылықпен кездесуде ұсынылды.

## (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

### 6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

*ЖОО әртүрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде ББ дамыту мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуі тиіс*

*Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуі керек*

*ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді*

*Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер орындайтын кез келген қызметке (аутсорсингке), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде жатқызылуы тиіс*

*ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты орналасуы және оның қызметінің білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.*

*ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және оны іске асыру мониторингін ұдайы қайта қарау, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істеуін көрсетеді*

*ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ тартуға тиіс*

*ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін көрсетуі тиіс*

*ЖОО ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындалуын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалы органдардың функцияларын ажыратуды көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы ББ әзірлеу мен басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оны үздіксіз іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады*

*ББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс*

*ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс*

*ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалардың (жұмыс берушілердің, ПОҚ, білім алушылардың) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс*

*ЖОО ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы ПОҚ білім алушылары, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды*

*ББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде ескеруге ұмтылуы керек*

***Дәлелдеу бөлімі***

Сыртқы сараптау комиссиясы университеттің өзін-өзі бағалау есебін, ұсынылған құжаттарды, ішкі нормативтік актілерді, сондай-ақ университет басшылығы, факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар және жұмыс берушілермен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелерін талдау негізінде білім беру бағдарламаларын басқару жүйесінің институционалдық деңгейде қалыптасқанын анықтады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қызметі **2023–2029 жылдарға арналған университеттің** даму бағдарламасына, миссиясына, стратегиялық мақсаттарына және сапаны қамтамасыз ету саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Университеттің даму бағдарламасы Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленген және университет қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды. Бағдарлама университеттің стратегиялық дамуының бес негізгі бағытын қамтиды: білім беру сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу

қызметін дамыту, студент тұлғасын дамыту, инклюзивті және цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру, сондай-ақ университеттің халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануын қамтамасыз ету.

Университеттің миссиясы, көзқарасы және стратегиялық мақсаттары университеттің ресми сайтында орналастырылған және білім беру қызметінің барлық негізгі бағыттарын айқындайды. Университетте сапаны қамтамасыз ету мәдениетін дамыту мақсатында «Сапаны қамтамасыз ету саясаты» **(**Сапа менеджменті жүйесі**)** бекітілген, ол университеттің миссиясына, құндылықтарына және стратегиялық басымдықтарына сәйкес келеді. Бұл құжат білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында сапаны қамтамасыз ету тетіктерін қалыптастыруға негіз болады.

Аккредиттеліп отырған «6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702–Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары университеттің стратегиялық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады және қоғамның әлеуметтік-экономикалық сұраныстары мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып әзірленген.

Білім беру бағдарламаларын басқару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, «Педагог» кәсіби стандартының, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған білім беру бағдарламалары Ұлттық жоғары білімді дамыту орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінде тіркелген және Ұлттық біліктілік шеңберінің 6, 7 және 8 деңгейлеріне сәйкес келеді. Университет білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін оқу нәтижелері университеттің миссиясымен және стратегиялық даму жоспарымен үйлестірілген. Бағдарламалардың мақсаттары білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға, педагогикалық қызметке даярлауға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту үдерісі барлық негізгі мүдделі тараптардың қатысуымен жүзеге асырылады. Осы мақсатта университетте академиялық комитеттер мен Жұмыс топтары құрылған https://qyzpu.edu.kz/ru/normativno-pravovie-dokumenti. Олардың құрамына профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар, жұмыс берушілер және сыртқы сарапшылар енгізілген. Академиялық комитеттердің құрамына мектеп директорлары, тәжірибелі мұғалімдер және білім беру саласының сарапшылары тартылған. Бұл білім беру бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу және жаңарту барысында еңбек нарығының талаптарын ескеруге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында жұмыс берушілердің, практика базаларының, студенттердің және түлектердің ұсыныстары ескеріледі. Бағдарламаларға енгізілетін өзгерістер кафедра мәжілістерінде, академиялық комитеттердің отырыстарында және оқу-әдістемелік кеңестің деңгейінде қарастырылады және бекітіледі.

Сарапшыларға ұсынылған құжаттар білім беру бағдарламаларының мазмұны соңғы жылдары жүйелі түрде жаңартылып отырғанын көрсетеді. Пәндердің атаулары мен мазмұны еңбек нарығының сұраныстарына және білім беру саласындағы заманауи үрдістерге сәйкес өзгертіліп, жаңа пәндер енгізілген. Бакалавриат деңгейінде пәндердің мазмұны оқыту әдістемесіне бағытталған пәндермен толықтырылған, ал магистратура және докторантура деңгейінде ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған пәндер енгізілген.

Білім беру бағдарламаларын басқару жүйесінде ішкі мониторинг жүргізу тетіктері қалыптасқан https://qyzpu.edu.kz/ru/normativno-pravovie-dokumenti. Университетте білім беру сапасын бақылау және бағалау оқу-әдістемелік кеңес, сапаны қамтамасыз ету

комитеттері және академиялық комитеттер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар университетте білім алушылардың, түлектердің және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында тұрақты түрде сауалнамалар жүргізіледі. Сауалнамалар қатарында «Оқытушы студент көзімен», «Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қанағаттану», «Түлектердің оқу тәжірибесіне қанағаттануы» және «Жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби даярлығына қанағаттануы» сияқты зерттеулер жүргізіледі.

Университет білім беру бағдарламаларын басқару барысында тәуекелдерді басқару элементтерін де қолданады. Білім беру бағдарламаларын дамыту барысында сыртқы және ішкі факторлар талданады, жыл сайын SWOT-талдау жүргізіледі, білім беру қызметінің сапасына әсер етуі мүмкін тәуекелдер анықталады. Сонымен қатар студенттердің контингентін тұрақтандыру мақсатында кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі және кәсіптік практика базаларымен (https://qyzpu.edu.kz/kz/informatsiya-dlya-studentov-i-vipusknikov) ынтымақтастық кеңейтіледі.

Университет білім беру бағдарламаларын басқару барысында жұмыс берушілермен және білім беру ұйымдарымен тұрақты серіктестік байланыстар орнатқан. Практика базалары ретінде Алматы қаласы бойынша: «№15 гимназия» КММ; «№ 96 ЖББМ» КММ; №95 мектеп-лицей КММ, №59 мектеп-гимназия, №140 гимназия КММ, №198 мектеп-гимназия; Жамбыл облысы, Шу қаласы, №40 мектеп лицейі, №97 жалпы білім беретін мектеп; «Мемлекеттік тілді үйрету этникалық курсы» мәдени мекемесі; М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты сияқты бірқатар мекемелермен келісімшарттар жасалған және білім алушылардың педагогикалық практикадан өтуі қамтамасыз етілген. Практика қорытындылары бойынша конференциялар өткізіліп (Студенттерінің үздіксіз өндірістік практикасы қорытындыланды), білім алушылардың кәсіби даярлығы талқыланады.

Сонымен қатар университет білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру бағытында жұмыстар жүргізуде. Қазіргі уақытта шетелдік жоғары оқу орындарымен, атап айтсақ Қырғызстан Республикасының И. Арабаев атындағы мемлекеттік университетімен және Түркия Республикасының Нийде Омер Халисдемир университетімен академиялық ынтымақтастық орнату, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту және қос дипломды білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша келіссөздер жүргізілуде https://qyzpu.edu.kz/kz/zarubezhnie-vuzi-partneri.

Жалпы алғанда, ұсынылған материалдар білім беру бағдарламаларын басқару университеттің стратегиялық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатынын, бағдарламаларды әзірлеу мен жетілдіру барысында негізгі стейкхолдерлердің қатысуы қамтамасыз етілетінін және білім беру бағдарламаларының сапасын тұрақты мониторингтеу тетіктері қалыптасқанын көрсетеді.

***Сараптамалық бөлім***

Жүргізілген талдау білім беру бағдарламаларын басқару университеттің стратегиялық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатынын және білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруда негізгі басқару тетіктері қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар сарапшылар білім беру бағдарламаларын стратегиялық басқару мен сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жекелеген аспектілерін жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Атап айтқанда, сарапшылар білім беру бағдарламаларының даму жоспарлары әзірленгенін анықтады. Дегенмен ұсынылған құжаттарды талдау олардың құрылымы, мазмұны және іске асыру механизмдері әртүрлі сипатта екенін көрсетті. Кейбір жағдайларда жоспарларды жаңарту мерзімдерінің сақталмауы, көрсеткіштердің уақтылы жаңартылмауы және жоспарланған іс-шараларды орындауға формалды тәсіл қолдану фактілері байқалды. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдай білім беру бағдарламаларының даму жоспарларын әзірлеу, мониторинг жүргізу және оларды кезеңдік жаңарту тәртібін реттейтін бірыңғай регламенттеуші құжаттың болмауымен байланысты болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде стратегиялық жоспарлау және білім беру бағдарламаларын басқару тиімділігіне әсер етеді.

Сарапшылар университет сайтында сапаны қамтамасыз ету саясаты мен сапа менеджменті жүйесінің жалпы сипаттамасы ұсынылғанын атап өтті. Университетте сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жекелеген элементтері қалыптасқан және білім беру процесін басқарудың түрлі рәсімдері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі бірқатар құжаттар мен процестер арқылы реттеледі. Алайда университет деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жүйесінің барлық элементтерін, процестерін және жауапкершілік деңгейлерін кешенді түрде сипаттайтын бірыңғай нормативтік құжаттың болмауы байқалады.

Сыртқы сараптау комиссиясы білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында ықтимал тәуекелдерді басқару мәселесіне назар аударды. Ұсынылған құжаттарды талдау және университет басшылығы, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілермен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері университетте тәуекелдерді басқарудың жекелеген элементтері қалыптасқанын көрсетті, атап айтқанда білім беру бағдарламаларын жоспарлау барысында сыртқы және ішкі факторларға талдау жүргізіледі, SWOT-талдау қолданылады, сондай-ақ білім алушылардың, түлектердің және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған сауалнамалар жүргізіледі. Дегенмен, сарапшылар білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында бірқатар ықтимал тәуекелдердің бар екенін атап өтті. Атап айтқанда, аккредиттеліп отырған «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар контингентінің төмендеу үрдісі байқалады. Сонымен қатар сарапшылар халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты дамыту деңгейіне байланысты тәуекелдерді атап өтті. Қазіргі уақытта университет халықаралық байланыстарды дамыту бағытында жұмыстар жүргізгенімен, қос дипломды білім беру бағдарламалары мен кеңейтілген академиялық ұтқырлық бағдарламалары әлі де даму сатысында. Бұл білім беру бағдарламаларының халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне әсер етуі мүмкін. Тағы бір ықтимал тәуекел ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін білім беру процесіне интеграциялау деңгейімен байланысты. Магистратура және докторантура деңгейінде ғылыми пәндер енгізілгенімен, ғылыми зерттеулер нәтижелерін білім беру бағдарламаларының мазмұнына жүйелі түрде енгізу механизмдерін одан әрі жетілдіру қажет.

Сонымен бірге ССК сарапшылары университет басшылығы мен құрылымдық бөлімшелер өкілдерімен жүргізілген сұхбаттар барысында тәуекелдерді басқару тәсілдерін түсінуде айырмашылықтар барын байқады. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары тәуекелдерді талдау мен бағалау құралдарын әртүрлі деңгейде қолданады. Сарапшылардың пікірінше, бұл жағдай университет деңгейінде тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін бірыңғай нормативтік құжаттың болмауымен және тиісті рәсімдердің жеткілікті деңгейде институционалдандырылмауымен байланысты болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Осыған байланысты тәуекелдерді басқарудың бірыңғай әдістемелік тәсілдерін және практикалық құралдарын әзірлеу мен енгізу қажет деп санайды.

Сонымен қатар алдыңғы аккредитация рәсімдері барысында берілген ұсынымдардың орындалу деңгейін талдау барысында кейбір бағыттар бойынша олардың толық деңгейде жүзеге асырылмағанын көруге болады. Осыған байланысты университет деңгейінде сыртқы сарапшылардың ұсынымдарын іске асыруды жүйелі бақылау және оларды білім беру бағдарламаларын стратегиялық және операциялық басқару процестеріне тиімді интеграциялау тетіктерін күшейту қажет.

ПОҚ сауалнамасының нәтижелері оқу орны басшылығының білім беру бағдарламасының мазмұнына назар аударатынын көрсетті: өте жақсы - 67(73,6%), жақсы - 21(23,1%). ПОҚ-тың басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне қатысуы: өте жақсы – 43 адам (47,3%), жақсы – 44 адам (48,4%); инновациялық қызметті ынталандыру: өте жақсы – 43 адам (47,3%), жақсы – 43 адам (47,3%); іске асырудың мазмұны мен сапасы бойынша білім беру бағдарламасы еңбек нарығы мен жұмыс

берушілердің күтулеріне сәйкес келеді: өте жақсы – 65 адам (71,4%), жақсы – 26 адам (28,6%); осы университетте алған студенттердің білімі қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келеді: өте жақсы – 63 адам (69,2%), жақсы - 28 адам (30,8%).

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»** ББ бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

- аталған стандарт бойынша анықталған жоқ

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша ССК ұсынысы*:***

1. Университет басшылығына 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын әзірлеу, басқару, мониторинг жүргізу және қайта қарау тәртібін нақты сипаттайтын жеке нормативтік құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және университет қызметіне енгізу ұсынылады.
2. Университет басшылығына 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін сипаттайтын жеке нормативтік құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және университет қызметіне енгізу ұсынылады.
3. Университет басшылығына 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін құрылымдық бөлімшелер деңгейінде және білім беру бағдарламалары шеңберінде тәуекелдерді басқару тәртібін айқындап, оны құжаттық түрде бекіту ұсынылады.
4. Университет басшылығы мен білім беру бағдарламаларының жетекшілеріне білім беру бағдарламасы аккредиттелген бүкіл кезең ішінде қызметті жоспарлау құжаттарында сыртқы сараптау комиссиясының барлық ұсынымдарын іске асыруға бағытталған нақты шаралар мен іс-шараларды қарастырып, олардың толық орындалуын қамтамасыз ету ұсынылады.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»ББ бойынша *ССК қорытындысы:***

*«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша 20 критерий ашылды, оның ішінде: күшті - жоқ, 19 критерий қанағаттанарлық ұстанымға ие, 1 критерий − жақсартуды талап етеді.*

## 6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»

*ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс*

*ББ нұсқаулығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді*

*ББ басшылығы ББ шеңберінде барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді*

*ЖОО ББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауға тиіс*

*ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс*

*ЖОО білім алушыларды, қызметкерлер мен ПОҚ ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тартуды көрсетеді*

*ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екендігін көрсетуге тиіс*

*ЖОО ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс*

*ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде ББ бөлінісінде бағалауы тиіс*

*ЖОО ББ шеңберінде жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:*

*тиімділіктің негізгі көрсеткіштері*

*нысандар мен түрлер бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы*

*үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару*

*білім алушылардың ББ іске асырылуына және ЖОО оқыту сапасына қанағаттануы*

*білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі*

*түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі*

*Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс*

*ББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге тиіс*

***Дәлелдеу бөлімі***

Сыртқы сараптау комиссиясы университетте ақпаратты жинау, өңдеу және талдау процестері қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылатынын анықтады. Білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында ақпараттық жүйелер оқу процесін басқаруға, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылауға және профессор-оқытушылар құрамының қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

Ақпаратты басқарудың негізгі құралдарының бірі университеттің ресми сайты болып табылады (https://qyzpu.edu.kz/). Университет сайты үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) жұмыс істейді және онда университеттің құрылымы, даму стратегиясы, білім беру бағдарламалары, профессор-оқытушылар құрамы, академиялық саясат және басқа да маңызды ақпарат орналастырылған.

2025 жылдың қаңтарынан бастап университетте білім беру процесін басқару үшін «Platonus» https://platonus.qyzpu.edu.kz/ автоматтандырылған ақпараттық жүйесі енгізілген. Жүйеде 11 000-нан астам студент пен 700-ден астам оқытушы тіркелген. Платформа білім алушылардың жеке оқу жоспарларын қалыптастыруға, оқу материалдарына қол жеткізуге, академиялық үлгерімді бақылауға және оқу процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Жүйедегі деректер оқу процесінің орталық базасымен синхрондалып, ақпараттың өзектілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар университетте құжат айналымын басқару және процестерді автоматтандыру үшін Salem Office жүйесі қолданылады https://sed.qyzpu.edu.kz. Бұл жүйе құжаттарды келісу, сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету функцияларын орындайды.

Білім беру бағдарламалары бойынша ақпараттық талдау кафедра және институт деңгейінде жүйелі түрде жүргізіледі. Мысалы, «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» және «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар контингентіне мониторинг жүргізіліп, нәтижелері кафедра отырыстарында қарастырылған.

Университетте білім алушылардың оқу процесіне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында тұрақты түрде сауалнамалар жүргізіледі. 2025–2026 оқу жылында жүргізілген сауалнамаға 48 білім алушы қатысып, олардың 93%-ы білім беру бағдарламасының сапалы білім беретінін көрсеткен.

Білім беру бағдарламаларының қызметін бағалау барысында білім алушылар контингентінің динамикасы, академиялық үлгерім көрсеткіштері, білім алушылардың жетістіктері, білім алушылардың қанағаттану деңгейі, түлектердің жұмысқа орналасуы сияқты ақпараттар жүйелі түрде жинақталып, талданады. Мысалы, «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 2024 - 2025 оқу жылында 88 студент оқу

бітіріп, олардың 65-і жұмысқа орналасқан. Ал магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша жұмысқа орналасу деңгейі 100% құрайды.

Білім беру бағдарламалары аясында білім алушылардың ғылыми-зерттеу белсенділігі де мониторингтен өткізіледі. Студенттер республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға, пәндік олимпиадаларға және ғылыми жобалар байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Университетте білім алушылармен және қызметкерлермен кері байланыс орнатудың бірнеше тетігі бар. Олардың қатарына ректор блогы https://qyzpu.edu.kz/kz/blog-rektora, электрондық пошта info@qyzpu.edu.kz, әлеуметтік желілер https://www.instagram.com/qyzpu, сауалнамалар және кафедра мәжілістері жатады. Сонымен қатар университетте қақтығыстарды шешудің институционалдық механизмі жұмыс істейді. Қақтығыс жағдайлары бағдарлама көшбасшысы, кафедра немесе Этика жөніндегі комитет деңгейінде қаралады https://qyzpu.edu.kz/uploads/uploaded_files/Образование/НОрмативный%20документый/нормативный%20документый/Кадр/положение%20о%20совете%20по%20этике%20%281%29_compressed.pdf?_t=1719833553.

Білім алушылардың, қызметкерлердің және профессор-оқытушылар құрамының жеке деректерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Университетке қабылдану кезінде студенттер жеке деректерді өңдеуге келісім береді, ал қызметкерлер еңбек шартына қол қою кезінде деректерді өңдеуге келісімін растайды. Бұл рәсім Salem Office жүйесінде электрондық қолтаңба арқылы рәсімделеді.

Ғылыми ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында университетте электрондық кітапхана және ғылыми деректер базаларына қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. Университет сайтында ғылыми журналдар, конференциялар және ғылыми ресурстар туралы ақпарат орналастырылған https://tlibrary.qyzpu.edu.kz/.

***Сараптамалық бөлім***

Білім беру бағдарламалары шеңберінде кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы деректерді жинау, талдау және есеп дайындау тетіктері іске асырылады. Университетте ақпаратты басқару жүйесі қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде ұйымдастырылған. Білім беру процесін басқару және білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, Salem Office электрондық құжат айналымы жүйесі, университеттің ресми сайты және әлеуметтік желілер сияқты цифрлық құралдар қолданылады.

Ішкі есептілік жүйесі білім алушылардың академиялық үлгерімі, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми қызметі, білім беру бағдарламаларының нәтижелері және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы ақпаратты жүйелі түрде жинауды қамтиды. Есептілік кафедралар мен институттар деңгейінде жүйелі түрде жүргізіледі, бұл білім беру бағдарламаларының іске асырылу нәтижелеріндегі үрдістерді уақытылы анықтауға және оқу процесін еңбек нарығының талаптарына сәйкес түзетуге мүмкіндік береді.

Сарапшылар білім беру бағдарламалары бойынша ақпаратты жинау және талдау жүйелі түрде жүзеге асырылатынын атап өтті. Атап айтқанда, білім алушылар контингентінің динамикасы, академиялық үлгерім деңгейі, білім алушылардың ғылыми және академиялық жетістіктері, оқу процесіне қанағаттану деңгейі және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері тұрақты түрде мониторингтен өткізіледі. Жиналған ақпарат кафедралар, институттар және университет деңгейінде талданып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру және оқу процесін ұйымдастыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау барысында пайдаланылады.

Сарапшылар сондай-ақ білім алушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау механизмдері жұмыс істейтінін атап өтті. Атап айтқанда, аралық бақылау нәтижелері бойынша апелляциялар және ағымдағы рейтингтік бақылауға қатысты өтініштер

университеттің білім алушылардың үлгерімін бақылау түрлерін өткізу ережелерімен реттеледі. Бұл академиялық процестің ашықтығын және бағалау рәсімдерінің әділдігін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламаларын басқару және ақпараттық талдау процестеріне білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және жұмыс берушілер тартылады. Кері байланыс тетіктері ретінде ректор блогы, әлеуметтік желілер, электрондық пошта, кафедра мәжілістері және түрлі сауалнамалар қолданылады. Сонымен қатар университетте академиялық немесе тұлғааралық қақтығыстарды шешудің бекітілген механизмі жұмыс істейді. Қақтығыстар бағдарламалық жетекші, кафедра немесе Этика жөніндегі комитет деңгейінде қарастырылады, бұл академиялық ортада ашықтық пен әділдік қағидаттарын қамтамасыз етеді.

Сараптамалық талдау барысында университетте ақпаратты басқару жүйесінің негізгі элементтері қалыптасқаны анықталды. Алайда білім беру бағдарламаларының нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) жүйелі қолдану, сондай-ақ ақпараттық талдау нәтижелерін стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару жүйесімен өзара байланыстыру жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген.

Цифрлық трансформация жағдайында университет дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді. Университетте білім алушылардың, қызметкерлердің және профессор-оқытушылар құрамының дербес деректерін жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен бірге сарапшылар әртүрлі санаттар бойынша (талапкерлер, білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және т.б.) жиналатын дербес деректердің нақты және жүйеленген тізбесі ұсынылмағанын атап өтті. Бұл деректерді жинау және өңдеу рәсімдерін толық регламенттеу қажеттігін көрсетеді.

*Білім алушылардың сауалнама нәтижелері студенттердің алған академиялық дәрежесі бойынша курстар, білім беру бағдарламалары туралы ақпараттандыруға толық қанағаттануын көрсетеді: 144 адам (88,9%) - толық қанағаттанған, 14 адам (8,6%) - ішінара қанағаттанған, бұл білім алушылардың хабардарлығы мен қанағаттанушылығының жоғары деңгейін көрсетеді.*

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»ББ бойынша *ССК ұсынысы:***

1. Университет басшылығына 2026 жылғы 1 мамырға дейін атқарылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің әртүрлі санаттар бойынша (талапкер, білім алушы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкер және т.б.) тізбесін өзектендіру ұсынылады. Осы тізбені ескере отырып, білім алушылар мен қызметкерлердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім беру нысанын жаңарту қажет.

2. Университет басшылығына 2026 жылғы 1 қыркүйегіне дейін білім беру бағдарламаларының нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) жүйелі түрде енгізу, сондай-ақ ақпараттық талдау нәтижелерін стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару процестерімен интеграциялауды қамтамасыз ету ұсынылады.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша *ССК қорытындысы:***

*«Ақпаратты басқару және есеп беру» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 17 позициясы да қанағаттанарлық.*

### 6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»

*ЖОО ББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оны институционалдық деңгейде бекітуді көрсетуі тиіс*

*ЖОО әзірленген ББ белгіленген мақсаттарға және оқытудың жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс*

*ЖОО оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын ББ түлегі моделінің болуын көрсете алады*

*ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, нақтылануы және QF-EHEA ҒСК-нің белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс*

*ББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, оп, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс*

*ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқу нәтижелерінің бір-біріне және оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс*

*ББ басшылығы ББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс*

*ББ басшылығы ББң білім беру нарығында (өңірлік/ұлттық / халықаралық) орналасуын, оның бірегейлігін көрсетуі тиіс*

*Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады*

*Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен (-лар) және/немесе қос дипломды (-лар) ББ болуы маңызды фактор болып табылады*

***Дәлелдеу бөлімі***

Сыртқы сараптау комиссиясы аккредиттелетін «6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатынын анықтады https://qyzpu.edu.kz/ru/normativno-pravovie-dokumenti. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімі университеттің Академиялық бағдарламаларды әзірлеу және бекіту ережелерімен регламенттелген. Бұл құжат Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916.

Ұсынылған құжаттарды талдау барысында білім беру бағдарламаларының мақсаттары нақты айқындалғаны және жоспарланған оқу нәтижелерімен өзара байланыста қалыптастырылғаны анықталды. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары даярлық профилінің картасына, түлектің біліктілік сипаттамасына және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру барысында мүдделі тараптардың қатысуы қамтамасыз етіледі. Жұмыс берушілер, профессор-оқытушылар құрамы, сарапшылар және білім алушылар білім беру бағдарламаларын талқылау үдерісіне кафедра мәжілістері, дөңгелек үстелдер және кеңейтілген отырыстар арқылы тартылады. Білім беру бағдарламалары жыл сайын сыртқы сараптамадан өтеді. Сараптама жүргізуге жұмыс берушілер және салалық сарапшылар тартылған. Олардың пікірлері мен ұсыныстары білім

беру бағдарламаларын жетілдіру барысында ескеріледі. Мәселен, «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 –Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша сарапшы ретінде Алматы қаласы №97 жалпы білім беретін мектеп директоры Тажибаева Г.Б., Алматы қаласындағы №15 гимназияның мұғалімі Ф.Тілекеева мен №3 жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Ахметова шақырылған.

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-сын жұмыс берушілермен бірге талқылауға Алматы қаласы № 198, №140 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Ж. Искакова, С. Темурбаева, № 59 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Б.Тәкежанова және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, PhD Н. Құдайбергенов, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің аға оқытушысы А. Юсуп қатысқан.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны модульдік қағидат негізінде әзірленген және кредиттерді жинақтау мен аударудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) сәйкес құрастырылған. Білім алушылар бакалавриат деңгейінде 240 кредит, магистратура деңгейінде 120 кредит және докторантура деңгейінде 180 кредит көлемінде оқу жүктемесін меңгереді.

Магистратура және докторантура деңгейінде білім беру бағдарламасының ғылыми компонентін жүзеге асыру мақсатында кафедра жанынан ғылыми мектептер ұйымдастырылған. Атап айтсақ «Ғылымға қадам» (жетекшісі: ф.ғ.д., проф. Т.Ермекова); «45 минут» (жетекшісі: п.ғ.д.проф. А.Сатбекова). Ғылыми мектептер теориялық білім мен практикалық зерттеу тәжірибесін үйлестіруге мүмкіндік беріп, бағдарламаның ғылыми компонентін толық ашады. «Ғылымға қадам» ғылыми мектебі магистранттардың зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыруға, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін зерттеудің әдістемелік және теориялық аспектілерін дамытуға үлес қосады. «45 минут» ғылыми-әдістемелік мектебі оқу процесінде тиімділік пен инновациялық педагогикалық әдістерді ғылыми тұрғыда зерттеу, қысқа мерзімді оқу-сабақ үлгілерін талдау, педагогикалық эксперимент жүргізу, т.б тиімді әдістемелік тұрғыдан саралайды. Білім алушылар ғылыми жобаларға, ғылыми конференцияларға және зерттеу жұмыстарын орындауға тартылады. Сонымен қатар білім алушылардың ғылыми жарияланымдар дайындауына және ғылыми жобаларға қатысуына жағдай жасалған.

***Сараптамалық бөлім***

Жүргізілген талдау аккредиттелетін «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімдері университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттелетінін және институционалдық деңгейде жүзеге асырылатынын көрсетті. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары еңбек нарығының талаптарын, мемлекеттік білім беру стандарттарын және Дублин дескрипторларын ескере отырып қалыптастырылған. Бағдарламалардың мазмұны жоспарланған оқу нәтижелерімен өзара байланыста құрылып, білім алушылардың кәсіби және зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Сарапшылар білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру процесіне мүдделі тараптардың қатысуы қамтамасыз етілетінін атап өтті. Жұмыс берушілердің, профессор-оқытушылар құрамының, сарапшылардың және білім алушылардың ұсыныстары кафедра мәжілістерінде, дөңгелек үстелдерде және академиялық комитеттерде талқыланып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту кезінде ескеріліп отырады. Бұл білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына бейімдеуге және олардың өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламалары модульдік қағидатқа негізделген және кредиттерді жинақтау мен аударудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) сәйкес құрастырылған. Пәндердің

мазмұны оқу деңгейлеріне сәйкес әзірленіп, пререквизиттер мен постреквизиттердің логикалық сабақтастығы сақталған. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының ғылыми компоненті магистратура және докторантура деңгейінде жүйелі түрде іске асырылады. Білім алушылар ғылыми мектептердің жұмысына қатысып, ғылыми жобаларға тартылып, ғылыми конференциялар мен жарияланымдар арқылы өз зерттеу нәтижелерін ұсынады. Бұл білім беру бағдарламаларының ғылыми бағыттылығын күшейтуге және білім алушылардың зерттеушілік құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Аккредиттелетін педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары аясында педагогикалық практиканы ұйымдастыру жүйесін талдау оның оқу процесімен жүйелі түрде интеграцияланғанын және білім беру ұйымдарымен тығыз өзара әрекеттестік негізінде жүзеге асырылатынын көрсетті.

Сарапшылардың практика базаларына жасаған сапары барысында университет пен мектептер арасындағы ынтымақтастықтың тұрақты әрі нәтижелі сипатқа ие екендігі расталды. Атап айтқанда, Алматы қаласындағы М. Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясы мен №59 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясында кафедраның филиалдары ашылған. Бұл білім алушылардың педагогикалық практикасын ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс істеуге және университет пен мектеп арасындағы академиялық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар білім алушылар оқу кезеңі бойында педагогикалық практиканы сол практика базаларында кезең-кезеңімен өтеді. Бұл білім алушылардың мектептің білім беру ортасына біртіндеп бейімделуіне, педагогикалық ұжыммен тұрақты кәсіби байланыс орнатуына және оқушылар контингентімен жүйелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді. Практика барысында білім алушылар алдымен бақылау (пассивті) практикасын, кейін белсенді педагогикалық практиканы сол білім беру ұйымдарында, көп жағдайда сол сыныптарда жалғастырады. Мұндай сабақтастық білім алушыларға оқу процесінің динамикасын бақылауға, оқушылардың білім алу ерекшеліктерін терең түсінуге және педагогикалық дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Практика базаларында практика жетекшілерімен жүргізілген сұхбат барысында білім алушылардың бір практика базасында ұзақ мерзімде болуы олардың педагогикалық құзыреттерін жүйелі түрде қалыптастыруға және мектептің нақты білім беру контекстін жақсы түсінуіне мүмкіндік беретіні атап өтілді.

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын талдау барысында сарапшылар «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, сөзжасамы және оқыту әдістемесі» интеграцияланған пәнінің мазмұны мен кредит көлемін қайта қарастыруды ұсынады. Сарапшылардың пікірінше, сөзжасам бөлімі бойынша қарастырылатын тақырыптардың ауқымы шектеулі болғандықтан, пән мазмұны толық көлемде ашылмайды. Осыған байланысты пән мазмұнын нақтылау және кредит көлемін арттыру мүмкіндігін қарастыру орынды.

«6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша университеттің ресми сайтында жарияланған ақпарат пен пән силлабустарындағы мәліметтер арасында сәйкессіздік байқалады. Атап айтқанда, «Қазақ тілінің синтаксисі және оқыту әдістемесі» пәні сайтта бейіндеуші пәндердің таңдау компоненті ретінде көрсетілген, ал пән силлабусында бейіндеуші пәндердің жоғары оқу орны компоненті ретінде берілген. Осыған байланысты университетке білім беру бағдарламалары бойынша жарияланған ақпараттың өзектілігі мен сәйкестігін қамтамасыз ету ұсынылады.

«6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ құрылымын талдау барысында сарапшылар бағдарламаның едәуір бөлігі білім алушылардың фундаменталды филологиялық даярлығына бағытталғанын атап өтті. Атап айтқанда, «Қазіргі қазақ тілі және оқыту әдістемесі», «Әдебиеттану ғылымы және оқыту әдістемесі», «Тілдік қарым-қатынас негіздері» модульдері оқу жоспарының маңызды бөлігін қамтиды. Алайда бағдарламаның ерекшелігі қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытатын мұғалімдерді даярлауға бағытталғандықтан, әдістемелік

даярлыққа және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту ерекшеліктеріне басымдық беру қажеттілігі байқалады. Білім алушылармен жүргізілген сұхбат барысында «Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәнінің қолданыстағы көлемі орыс тілді аудиторияда грамматикалық материалды түсіндіру кезінде салыстырмалы талдауды тиімді қолдану үшін жеткіліксіз екені атап өтілді. Бұл жағдай қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасының әдістемелік компонентін күшейту қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты сарапшылар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға бағытталған пәндердің мазмұнын кеңейту және салыстырмалы грамматика курсының практикалық бағыттылығын арттыру мүмкіндігін қарастыру орынды деп санайды.

Сарапшылар «Тренинг шебері» Minor бағдарламасының мазмұнын талдау барысында оның білім алушылардың коммуникативтік және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталғанын атап өтті. Сонымен бірге Minor мазмұнының болашақ қазақ тілі мұғалімінің кәсіби қызметімен, әсіресе қазақ тілін қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқыту ерекшеліктерімен байланысы жеткілікті деңгейде айқындалмағаны байқалды. Аккредиттеліп отырған «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ ерекшелігі білім алушыларды қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға даярлаумен байланысты болғандықтан, Minor бағдарламасының мазмұны педагогикалық және әдістемелік құзыреттерді дамытуға, көптілді білім беру ортасында жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға және қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемелерін меңгеруге бағытталуы маңызды. Осыған байланысты сарапшылар Minor бағдарламасының мазмұнын білім беру бағдарламасының профилімен және түлектердің болашақ кәсіби қызметімен өзара байланысын күшейту тұрғысынан қайта қарастыруды орынды деп санайды.

Ұсынылған материалдарды талдау барысында білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру кезінде стейкхолдерлердің қатысуымен талқылаулар өткізілетіні анықталды. Олардың қатысуымен өткен кездесулер мен талқылаулардың хаттамалары ұсынылғанымен, білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнында сыртқы сарапшылар ұсынымдарының жүйелі түрде көрініс табуы жеткілікті деңгейде байқалмайды.

Жұмыс берушілермен және педагогикалық практика жетекшілерімен жүргізілген сұхбат барысында білім алушылардың практикалық даярлығын күшейту қажеттілігі, сондай-ақ педагогикалық білім беру бағдарламаларының мазмұнын еңбек нарығының талаптарына сәйкес жетілдіру мәселелері көтерілді. Алайда ұсынылған оқу жоспарлары мен пән мазмұнында сыртқы сарапшылардың ұсынымдарының білім беру бағдарламаларын жаңарту процесінде жүйелі түрде пайдаланылуы жеткілікті деңгейде көрсетілмеген. Бұл жағдай білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында сыртқы сараптама нәтижелерін пайдаланудың тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үдерісі университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады және білім беру бағдарламаларының мазмұны қойылған мақсаттар мен жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкес келеді. Сонымен бірге білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында олардың әдістемелік және практикалық бағыттылығын күшейту, сондай-ақ сыртқы сарапшылардың ұсынымдарын оқу жоспарларын жаңарту процесінде тиімді пайдалану білім беру бағдарламаларының сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

*ССК сапары барысында жүргізілген білім алушылардың сауалнамасы:*

*1. Жалпы білім беру бағдарламасының сапасына, сондай-ақ ББ-дағы оқу бағдарламаларының сапасына* 143 адам (88,3%) *толық қанағаттандырылды, білім алушылардың* 15 адам (9,3%) *ішінара қанағаттандырылды;*

*2. Жалпы оқыту әдістерімен 140 адам (86,4%) толық қанағаттандырылды, 18 адам (11,1%) ішінара қанағаттандырылды.*

*3. Оқу процесіне қатысты оқытушылардан кері байланысқа жауап беру жылдамдығымен 144 адам (88,9%) толық қанағаттанушылығын білдірді, білім алушылардың 16 адамы (9,9 %) ішінара қанағаттандырылды.*

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары аясында педагогикалық практиканың үздіксіз жүйесі қалыптасқан және білім беру ұйымдарымен тұрақты серіктестік жолға қойылған. Практика базаларында кафедра филиалдарының жұмыс істеуі және білім алушылардың оқу кезеңі бойында сол мектептерде кезең-кезеңімен практикадан өтуі теориялық даярлық пен мектептегі практикалық қызметтің тиімді интеграциясын қамтамасыз етеді.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша *ССК ұсынысы:***

1. ББ басшылығына 2027 жылдың 1 қыркүйегіне дейін білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелерін педагогтің кәсіби функцияларымен сәйкестендіре отырып қайта қарастыру және педагог тұлғасын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік, коммуникативтік және көшбасшылық құзыреттерді дамыту аспектілерін күшейту ұсынылады.

2. ББ басшылығына 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін білім беру бағдарламаларын жаңарту кезінде сыртқы сараптама нәтижелерін пайдалану тетіктерін күшейту ұсынылады. Атап айтқанда, жұмыс берушілер мен сыртқы сарапшылардың ұсынымдарын білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын қайта қарау процесінде жүйелі түрде ескеруді қамтамасыз ету орынды.

3. ББ басшылығына 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнын және оқу-әдістемелік құжаттамасын өзектендіру ұсынылады. Атап айтқанда, «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, сөзжасамы және оқыту әдістемесі» интеграцияланған пәнінің мазмұны мен кредит көлемін қайта қарастыру, пән бөлімдері арасындағы мазмұндық және әдістемелік сабақтастықты силлабус деңгейінде күшейту, сондай-ақ университеттің ресми сайтында жарияланған ақпарат пен пән силлабустарындағы мәліметтердің сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

4. ББ басшылығына 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін **«6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»** білім беру бағдарламасының әдістемелік компонентін күшейту мақсатында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға бағытталған пәндердің мазмұнын кеңейту, сондай-ақ «Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәнінің көлемін және практикалық бағыттылығын қайта қарастыру ұсынылады.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша *ССК қорытындысы:***

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» *стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 1 критерий − күшті, 14 критерий − қанағаттанарлық, 2 критерий − жақсартуды талап етеді.*

**6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы»**

*ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс*

*ЖОО ББ мақсатына қол жеткізу және ББ тұрақты жетілдіру үшін ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды жүргізудің құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс*

*ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды қарастыру керек:*

*белгілі бір пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;*

*қоғамның және кәсіби ортаның қажеттіліктерінің өзгеруі;*

*білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;*

*білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;*

*білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;*

*білім беру ортасы мен қолдау қызметтерінің ББ мақсаттарына сәйкестігі*

*ББ басшылығы ББ өзгерістері туралы мәліметтерді жариялауға, мүдделі тұлғаларды ББ шеңберінде кез келген жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар етуге тиіс*

*Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқуды ұйымдастыруға, оқытуға, бағалауға, ББ игеруге қанағаттану дәрежесін анықтауы керек*

***Дәлелдеу бөлімі***

Сарапшылардың ұсынылған материалдарды талдауы барысында аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының мониторингі және мерзімді бағалауы университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды https://qyzpu.edu.kz/ru/normativno-pravovie-dokumenti. Білім беру бағдарламаларының мониторингі Академиялық бағдарламаларды әзірлеу және сапаны қамтамасыз ету департаменті арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларын мониторингтеу және бағалау рәсімі білім беру бағдарламаларын талқылау, бағдарламаларды рецензиялау, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескере отырып бағдарламаларды қайта қарау, бағдарламаларды бекітуге ұсыну және бекіту кезеңдерін қамтиды. Білім беру бағдарламаларын қайта қарау барысында еңбек нарығындағы өзгерістер, салалық даму үрдістері, кәсіби стандарттардың жаңаруы және технологиялық жаңалықтар ескеріледі. Бұл мақсатта жұмыс берушілермен тұрақты байланыс орнатылып, сауалнамалар, сараптамалық кеңестер, бірлескен отырыстар және практика базалары арқылы кері байланыс алынады.

Білім беру бағдарламаларының мониторингі оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін, білім алушылардың академиялық үлгерімін, оқу жүктемесін, пәндер мен модульдердің орындалуын, оқыту әдістерінің тиімділігін және бағалау рәсімдерінің сәйкестігін талдауды қамтиды. Сонымен қатар білім алушылардың, түлектердің, профессор-оқытушылар құрамының және жұмыс берушілердің пікірлері ескеріледі.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының сапасын бағалаудың бір көрсеткіші ретінде ұлттық рейтингтердің нәтижелері де қарастырылады. Атап айтқанда, «6В01702 Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ЖОО білім беру бағдарламалары рейтингісінде 2023 жылы 3 - орын, 2024 жылы 1 - орынға ие болған.

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы да аталған рейтингте әр жылдары түрлі позицияларға (2021 жыл 43 ішінен 5-орын, 2022 жылы 36 ішінен 10-орын, 2023 жылы 38 ішінен 27-орын, 2024 жылы 34 ішінен 26-орын, 2025 жылы 34 ішінен 10-орын) ие болған. Бұл көрсеткіштер білім беру бағдарламасының еңбек нарығындағы сұранысын және оның сапасын бағалаудың маңызды индикаторы болып табылады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту барысында ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері ескеріледі. Мысалы, аккредиттеліп отырған «7М01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі

мен әдебиеті» ББ-на «Сандық зерттеулер және деректерді талдау», «Зерттеу дизайны және этикалық нормалар», «Әдебиеттерді талдау, білім беру саласындағы теориялық және тұжырымдамалық негіздер», «Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі филолог тұлғасы», «Тілдік тұлға акмеологиясы», «Нейролингвистикалық бағдарламалық зерттеулер» пәндері енгізілген. «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-на «Лингвомәдени қарым-қатынас теориясы мен практикасы» пәні енгізілген.

Бағдарламаларды жетілдіру барысында қоғамның әлеуметтік сұраныстары да ескеріледі. Білім беру мазмұнында экологиялық тұрақтылық, инклюзивтілік, цифрлық мәдениет, мәдениаралық коммуникация және әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтар қамтылған.

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау мақсатында университетте кері байланыс жүйесі қалыптасқан. Атап айтқанда, білім алушылар мен түлектердің, жұмыс берушілердің пікірлерін анықтауға бағытталған сауалнамалар тұрақты түрде жүргізіледі. Олардың қатарында «Оқытушы студент көзімен», «Университет түлектерінің оқу тәжірибесіне қанағаттануын зерттеу», «Жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби даярлығына қанағаттануы» сияқты сауалнамалар бар. Алынған деректер білім беру бағдарламаларын жетілдіру, пәндер мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру және студенттерді қолдау механизмдерін дамыту барысында пайдаланылады.

Сыртқы сараптау комиссиясы университеттің білім беру бағдарламаларын сыртқы сараптамадан өткізу тәжірибесіне де назар аударды. Атап айтқанда, «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына Татарстан Республикасы Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті Р.Р. Галиулин сыртқы сараптама жүргізген. Сонымен қатар университет халықаралық сарапшыларды тарту тәжірибесін дамытып келеді. Мысалы, 2022 жылы Кембридж университетінің өкілі доктор Thomas Harriott білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша семинарлар өткізіп, сараптамалық қолдау көрсеткен.

Білім беру бағдарламаларының іске асырылуын бақылау мақсатында кафедра деңгейінде оқытушылардың өзара сабаққа қатысуы және ашық сабақтар өткізу тәжірибесі қалыптасқан.
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1379131480415214&id=100049551261508&rdid=sqff8RZoUsKU2Lgj. Мәселен, 2025 жылдың 16 сәуірінде «6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс студенттеріне магистр Жансая Айдарқызы “Kazakh national dishes. Healthy and unhealthy food” тақырыбында, 2025 жылдың 4 желтоқсанында «6B01701-қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4-курс студенттеріне ф.ғ.д Жанұзақова Қ.Т. «Әдеби жанрлар теориясы. Лирикалық және драмалық жанырлар мен шығу тегі» тақырыбында ашық сабақ өткен.

**Сараптамалық бөлім**

ССК ұсынылған материалдарды, университет өкілдерімен жүргізілген сұхбат нәтижелерін және ұсынылған құжаттарды талдау негізінде университетте білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі мен мерзімді бағалауының белгілі бір жүйесі қалыптасқанын атап өтеді. Білім беру бағдарламаларының мониторингі Академиялық бағдарламаларды әзірлеу және сапаны қамтамасыз ету департаменті арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг барысында білім алушылардың оқу жетістіктері, академиялық үлгерімі, оқу жүктемесі, пәндер мен модульдердің орындалуы, оқыту әдістерінің тиімділігі, сондай-ақ білім алушылардың, түлектердің, профессор-оқытушылар құрамының және жұмыс берушілердің кері байланысы талданады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту кезінде еңбек нарығының талаптары, ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері, қоғамның әлеуметтік сұраныстары және кәсіби стандарттар ескеріледі. Бағдарламаларды жетілдіру процесіне жұмыс берушілер, білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және сыртқы сарапшылар тартылған. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының мазмұнына жаңа

пәндер енгізіліп, ғылыми және зерттеушілік компоненттер күшейтіліп отыр. Бұл білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз етуге және білім алушылардың кәсіби әрі зерттеушілік құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сарапшылар университетте білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауға бағытталған ішкі рәсімдердің қалыптасқанын да атап өтті. Атап айтқанда, университетте «Академиялық сапаны қамтамасыз ету мониторингі жөніндегі нұсқаулық» әзірленіп, енгізілген. Аталған құжатта білім беру бағдарламаларын бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу рәсімдері және бағалау көрсеткіштері сипатталған. ССК сапары барысында сарапшыларға университеттің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері ұсынылды. Сонымен қатар ұсынылған материалдарды талдау барысында мониторинг нәтижелері университет басшылығы деңгейінде жүйелі түрде қарастырылмайтыны және алқалы басқару органдарының отырыстарында тұрақты түрде талқыланбайтыны анықталды. Бұл жағдай мониторинг нәтижелерін басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде және білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында пайдалануды күшейту қажеттігін көрсетеді.

Сарапшылар университеттің білім алушылардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейту және білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру мақсатында жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларын әзірлеу және енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар енгізілген жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларының тиімділігін, олардың білім алушылар мен жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие болуын және білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкестігін бағалау бойынша жүйелі талдау жүргізілмейтіні анықталды. Осыған байланысты жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларын енгізу нәтижелерін тұрақты мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау тәжірибесін күшейту қажеттілігі байқалады.

Академиялық қауымдастық өкілдерімен жүргізілген сұхбат барысында білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы мүдделі тараптарды ақпараттандыру жүйесінің жеткілікті деңгейде жүйеленбегені анықталды. Білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат негізінен кафедра деңгейіндегі талқылаулар немесе жекелеген кездесулер арқылы жеткізілетіні белгілі болды. Сонымен қатар университеттің ресми сайтында орналастырылған ақпарат білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер туралы толық және өзекті мәліметтерді қамтымайтынын көрсетті. Бұл жағдай білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы ақпаратты тарату және мүдделі тараптарды хабардар ету бойынша ақпараттық сүйемелдеу механизмдерінің жеткілікті деңгейде жүйеленбегенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша мониторинг және мерзімді бағалау рәсімдері жүзеге асырылатыны анықталғанымен, білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында мониторинг нәтижелерін пайдалану, енгізілген жаңашылдықтардың тиімділігін бағалау және білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы мүдделі тараптарды жүйелі түрде ақпараттандыру тетіктерін одан әрі жетілдіру қажеттілігі байқалады.

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***
анықталған жоқ

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша** ***ССК ұсынысы:***

1. Университет басшылығына 2026 жылғы 30 мамырға дейін білім беру бағдарламалары сапасының мониторингі нәтижелерін алқалы басқару органдарының отырыстарында қарастырып, оларды одан әрі дамыту және жетілдіру бойынша нақты іс-шаралар қабылдау ұсынылады.

2. 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін аккредиттелетін білім беру бағдарламалары аясында енгізілген Minor бағдарламалары мен жаңа пәндердің тиімділігі мен сұранысқа ие болуын бағалау ұсынылады. Студенттердің сауалнама нәтижелерін және жұмыс берушілермен жүргізілген кеңес берулер қорытындыларын талдау негізінде қолданыстағы Minor бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру немесе өзектілігін жоғалтқан бағыттарды қайта қарау жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

3. Білім беру бағдарламаларының басшылығы білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы ақпаратты жариялап, білім беру бағдарламалары аясында жоспарланған немесе жүзеге асырылған барлық іс-шаралар туралы мүдделі тұлғаларды жүйелі түрде хабардар етіп отыруы тиіс.

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша *ССК қорытындысы:***

*«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша 11 критерий ашылды, оның ішінде: 11 позиция - қанағаттанарлық ұстанымға ие.*

### 6.5. Стандарт «Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»

*ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрметпен назар аударады, оларға оқытудың икемді траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.*

*ББ басшылығы даярлау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануды, оның ішінде құзыреттерді, ғылыми жұмысты қажетті деңгейде орындау дағдыларын қамтамасыз етуге тиіс.*

*ББ басшылығы ББ шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір бітірушінің ББ мазмұны мен мақсаттарына қол жеткізуді игеруді қамтамасыз ету тетіктерін айқындауға тиіс.*

*ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында өз зерттеулерінің болуы маңызды фактор болып табылады.*

*ЖОО оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің ББ жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.*

*ЖОО ББ оқыту нәтижелерін бағалау тәттігінің жүйелігін, шынайылығын, бағалау критерилері мен әдістерін алдын ала жариялауды қамтамасыз етуі тиіс.*

*Бағалаушылар оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін білуі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы керек.*

*ББ басшылығы оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың түрлі әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс.*

*ББ басшылығы оқытушы тарапынан бір мезгілде басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс..*

*ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің бар жоғын көрсетуі тиіс.*

***Дәлелдеу бөлімі***

Студентке бағдарланған оқытуды жүзеге асыру Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 2023 - 2029 жылдарға арналған даму бағдарламасында басты бағыттарының бірі ретінде танылған https://qyzpu.edu.kz/kz/programma-razvitiya. Университеттің академиялық саясаты студенттердің мотивациясын ынталандыруға, күтілетін оқу нәтижелері мен студенттердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына құрметпен қарай отыра, олардың қажеттіліктеріне назар аударады және оларға оқытудың икемді траекторияларын ұсынуды көздейді. Университет ББ шеңберінде студенттердің автономиясын дамытуға ұмтылыс жасайды, оқытушылардың студентке бағытталған әдістемелер мен технологияларды қолдануы, студенттердің жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын ескеруі студенттерге оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік береді. Студенттер эдвайзерлермен кеңесіп, өздеріне жеке оқу жоспарын жасауға мүмкіндік алады. Студенттерді қолдаудың маңызды бөлігі – білім беру бағдарламаларын талқылауға және коллегиялық органдарға, атап айтқанда, Ғылыми кеңеске қатысуы білім алушылардың оқу процесіндегі рөлін күшейтеді.

Курс модульдері мен оқу-әдістемелік кешендер (ЭПК) тұрақты түрде жаңартылуы, қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келуін анықтауға мүмкіндік береді. Оқытушылар студенттердің жеке оқу жоспарларын ескереді және студенттерге пәндерді таңдауда еркіндік береді, бұл олардың оқу жүктемесіне әсер етеді. Әр студент өзіне қолайлы оқу траекториясын таңдай алады, бұл оның өзіндік жұмыс істеуіне және оқу нәтижелеріне жауапкершілік сезімін дамытуға ықпал етеді.

Кафедра отырысында бақылау формалары мен бағалау критерийлері қаралып бекітіледі.

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша білім алушылар білім беру бағдарламасын талқылау және жетілдіру мақсатында кафедра отырыстарына қатысып, академиялық комитет құрамына енгізілген.

Университетте орта білім және колледж базасында оқуға түскен студенттер топтарына бөлінген, олар оқу тілдері бойынша ерекшеленеді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі студенттер де қарастырылған. Университеттің ресми сайты https://qyzpu.edu.kz/ru/ көру қабілеті нашар студенттер үшін арнайы нұсқамен қамтамасыз етілген https://screenreader.tilqazyna.kz/.

Университет оқуында қиындыққа тап болған білім алушыларды қолдайды. Осы контексте қосымша сабақтар мен кеңестер өткізіліп, студенттердің академиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Университетте барлық студенттерге тең мүмкіндіктер ұсынылған, бұл олардың оқу бағдарламаларын тиімді меңгеруіне де септігін тигізеді. Инклюзивті және арнайы білім беру орталығы https://qyzpu.edu.kz/ru/tsentr-razvitiya-inklyuzivnogo-i-spetsialnogo-obrazovaniya, сондай-ақ Менталды денсаулықты дамыту орталығы ерекше қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсетеді.

Жаңа оқыту әдістерінің оқу нәтижелеріне әсері студенттердің оқыту сапасы мен білім алу процесінен қанағаттанушылығын зерттейтін мониторинг жүйесі арқылы бағаланады.

Университеттегі білімді бағалау рәсімі ашық және құжатталған. «Білім алушылардың ағымдағы бақылауы, аралық және қорытынды аттестациясын өткізу ережелері» нормативтік-құқықтық құжат бағалаудың барлық кезеңдерін реттейді. Білім алушылардың білімі ағымдық, аралық және қорытынды бақылау арқылы бағаланады.

Бүгінгі таңда «6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701–Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701–Қазақ тілі мен әдебиеті» «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша ғылым мен тәжірибеге негізделген оқытуды жүзеге асыру барысында университетте білім, білік, дағды және құзіреттілікке қол жеткізетін интерактивті лекция, талқылау, пікірталас және кейс-стади, Lesson Study https://lessonstudydiary.kz/index_ru.php әдістері кеңінен қолданылады.

Университетте «Platonus» ААЖ жұмыс істейді. Алынған бағаға келіспеген жағдайда студенттер апелляцияға беру құқығына ие болады, бұл олардың бағалау процесіне қатысуын арттырады. Апелляция нәтижелері хаттамаға түсіріліп, барлық кезеңдердің

объективтілігі мен құжатталуын қамтамасыз етеді https://qyzpu.edu.kz/uploads/uploaded_files/O%20нас/Нормативно-правовые%20документы/Правила%20проведения%20текущего%20ПиИА%20%281%29.pdf?_t=1710496200 .

Әрбір силлабус әр пәнге арналған міндетті бағалау критерийлерін қамтиды. Студенттер олармен алғашқы сабақта танысады және курс барысында кез келген уақытта оларға жүгіне алады.

Университет ашық сабақтар мен сабақтарды өзара бақылауды ұйымдастырады, онда оқытушылар бағалау әдістері мен критерийлерімен бөліседі, бұл студенттерден кері байланыс алу үшін де алаң болады.

Бағалау әдістері мен критерийлері кафедралар мен институт отырыстарында талқыланады, оған оқытушылар мен студенттердің өкілдері қатысады. Бұл студенттердің өз бағалары мен оқу сапасына әсер етуіне мүмкіндік беретін жүйе құруға ықпал етеді.

Білім алушылардың, соның ішінде 1-курс студенттерінің психологиялық және менталдық денсаулығын қолдау мақсатында Университетте «Менталдық денсаулық» орталығы жұмыс істейді. Аталған орталық студенттік өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу, ата-аналық қамқорлықтан дербестену және студенттік ортада әлеуметтену бағытында психологиялық тренингтер өткізеді.

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары аясында білім алушылардың шағымдарына кері байланыс пен әрекет ету апелляциялық комиссия, комплаенс қызметі, анонимді сауалнама сияқты көп деңгейлі жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру процесінің барлық бағыттары бойынша білім алушылардан келіп түскен шағымдар деканатта қабылданып, эдвайзерлердің отырыстарында, түрлі деңгейдегі жиналыстар мен кеңестерде, сондай-ақ білім алушылардың университет басшылығымен кездесулерінде қарастырылады. Кафедраларда 1–4 курс студенттері үшін эдвайзерлер тағайындалған. Эдвайзер өз қызметін бекітілген тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес эдвайзерлік сағаттар аясында жүзеге асырады. Ұйымдастыру процесіндегі мүмкін болатын кемшіліктерді анықтау мақсатында сауалнамалар мен анкеталар жүргізіледі.

Білім алушыларға «бір терезе» қағидаты бойынша тиімді қызмет көрсету мақсатында Университетте Студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО) жұмыс істейді https://new.qyzpu.edu.kz/ru/tsentr-obsluzhivaniya-studentov#gsc.tab=0. СҚКО өтініштерді қабылдау, қарау, өңдеу және тіркеу, дайын анықтамаларды беру, сұрау нәтижелері туралы хабарлау, кеңес беру және өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

***Сараптамалық бөлім***

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде студентке бағдарланған оқытуды тиімді ұйымдастыруға қажетті барлық жағдай жасалған. Университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрам және білім алушылармен өткізілген кездесулерде IAAR сыртқы сараптама комиссиясының мүшелері білім беру үдерісінің студентке бағдарланған оқыту екендігіне әрі олардың сұраныстары мен қажеттіліктері ББ іске асыру кезінде негізгі мәселе санатында болатындығына толықтай көз жеткізді. Студенттік орталықтандырылған оқыту оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдау және іске асыру, жазғы семестрде оқыту, академиялық ұтқырлық, эдвайзер-кураторлар қызметінің жұмыс істеуі, ақпараттық және кітапхана ресурстарына қолжетімділік, материалдық-техникалық базаға қолжетімділік, академиялық, әлеуметтік және қаржылық қолдаудың тегін медициналық қызмет көрсетуі, апелляция және басшыларға жеке қабылдау мүмкіндігімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, бірінші курс студенттерінің тез бейімделуіне және арнайы білім беруді қажет ететін әрі әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге ерекше назар аударылған.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде дәстүрлі әдістермен қатар оқытудың интерактивті әдістері интерактивті лекция, талқылау, пікірталас, миға шабуыл,

кейс-стади, kahoot, Quizz, Classroom, Lesson Study әдістері белсенді қолданылады. Оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау білімді меңгеру деңгейін бағалау (тест, емтихан, бақылау жұмыстары), Сабақ барысында студенттерді бақылау, студенттердің қанағаттану деңгейін және олардың оқыту әдістерін қабылдауын анықтау үшін сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

ССК тарапынан студенттермен өткізілген сауалнама барысында ББББ басшылығының қолжетімділігі – 88,9% қанағаттанарлық, - 9,9% жартылай қанағаттанарлық, - 1,2% қанағаттанбаған, ББББ басшылығына қолжетімділігі мен жауапкершілігі - 84,6% қанағаттанарлық, - 13,6% жартылай қанағаттанарлық, - 1,2 % жартылай қанағаттанбау, - 0,6% қанағаттанбағандығын көрсетті. Білім алушылар тарапынан жеке мәселері бойынша кеңес алу қолжетімділігі – 80,9% қанағаттанарлық, - 16% жартылай қанағаттанарлық, - 1,2% қанағаттанбау, -1,2% жаттылай қанағаттанбау, - 0,6% жауап беруге қиналатындарын жеткізді. Жалпы оқытудың әдістерімен - 86,4% қанағаттанады, - 11,1% жартылай қанағаттанады, -1,9% жартылай қанағаттанбайды, - 0,6% жауап беруге қиналатынын көрсеткен. Бұл көрсеткіштерден университетте студентке бағдарланған оқыту жүйесінің қанағаттанарлық деңгейі байқалады.

Білім беру бағдарламалары аясында білім алушылардың шағымдарына кері байланыс пен әрекет ету апелляциялық комиссия, комплаенс қызметі, анонимді сауалнама сияқты көп деңгейлі жүйе арқылы жүзеге асыру көзделген.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ПОҚ мен студенттер үшін әрбір білім алушының білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау туралы ақпарат «Platonus» ААЖ-да қолжетімді.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:*** анықталған жоқ.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК ұсынысы:***

- осы стандарт бойынша ұсыныс жоқ.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК критерийлер бойынша қорытындысы:***

*«Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша 12 критерий ашылды, оның ішінде 12 позиция - қанағаттанарлық*

### 6.6. Стандарт «Білім алушылар»

*ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және білім алушылардың өмірлік циклін (түсуден бастап аяқтауға дейін)реттейтін рәсімдердің ашықтығын, жариялануын қамтамасыз етуі тиіс.*

*ББ басшылығы жаңа ғана оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімдеу мен қолдаудың арнайы бағдарламаларын жүргізуді көздеуге тиіс*

*ЖОО өз іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тетіктің болуы мен қолданылуын көрсетуі тиіс*

*ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс*

*ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан (оқудан тыс қызметтен) тыс өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға ынталандыруы тиіс*

*Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады*

*Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары» ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс.*

*ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс*

*ЖОО түлектерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылары бар екенін және бұл дағдылардың шынымен де өзекті екенін көрсетуі керек*

*ББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс*

*Маңызды фактор-қолданыстағы түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы*

***Дәлелдеу бөлімі***

Университет білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Білім алушыларды қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 желтоқсандағы №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017650 негізінде жүргізіледі. Осы құжат негізінде университеттің ішкі қабылдау қағидалары әзірленген.

Университетке қабылдау Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижелері негізінде конкурстық тәртіппен жүзеге асырылады. Қабылдау ережелері мен талапкерлерге арналған ақпарат университеттің ресми сайтында «Оқуға түсу» https://new.qyzpu.edu.kz/ru/postupaiushim#gsc.tab=0 бөлімінде орналастырылған. Сонымен қатар талапкерлерді ақпараттандыру мақсатында қабылдау комиссиясы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

2022 жылдан бастап университетте «Қабылдау және кәсіби бағдар беру» бөлімі жұмыс істейді. Аталған бөлім талапкерлерді тарту, кәсіби бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру, магистратураға қабылдау жұмыстарын үйлестіру, сондай-ақ қабылдау науқанын ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асырады. Бітіруші кафедралар тарапынан мектеп оқушыларына арналған ашық есік күні https://qyzpu.edu.kz/ru/a/obyavleniya/2582-priglashaem-na-den-otkritih-dverej, мектептерде кәсіби бағдар беру кездесулері және презентациялар тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен бірге құжаттарды онлайн қабылдау да қарастырылған.

Сонымен қатар университет халықаралық білім көрмелеріне қатысу арқылы шетелдік талапкерлерді тарту жұмыстарын жүргізеді. Мысалы, университет өкілдері Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен халықаралық білім көрмесіне қатысып, шетелдік талапкерлерге университеттің білім беру мүмкіндіктерін таныстырған және 5000-нан астам өзбекстандық мектеп бітірушілеріне кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық-түсіндіру материалдарын ұсынған.

Жаңа қабылданған білім алушылар үшін бейімдеу бағдарламалары қарастырылған. Бейімделу апталығы барысында студенттер университеттің академиялық саясаты, білім беру бағдарламаларының құрылымы, оқу нәтижелері, бағалау жүйесі, академиялық адалдық қағидаттары және университеттің ақпараттық ресурстарымен таныстырылады. Эдвайзерлер бірінші курс студенттеріне оқу траекториясын жоспарлау бойынша кеңес беріп, қолдау көрсетеді.

Университет білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту үшін отандық (Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті және Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау

университеті) және шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыстар орнатқан. Стратегиялық серіктестер тізімі университеттің ресми сайтында орналастырылған https://qyzpu.edu.kz/kz/zarubezhnie-vuzi-partneri.

Ұсынылған материалдарға сәйкес білім алушылар Қырғызстан Республикасының И. Арабаев атындағы мемлекеттік университетінде, Түркия Республикасының Нийде Омер Халисдемир университетінде, сондай-ақ Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алған. Мәселен, «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша 2025-2026 оқу жылының 5-семестрінде 3-курс студенті Дана Хусайынова И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алды. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 2023-2024 оқу жылында Түркия Республикасының Нийде Омер Халсидемир университеті арасында жасалған өзара түсіністік туралы Меморандумның талаптарын орындау үшін 25.09.2023-27.01.2024 ж. аралығында «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның 3-курс студенті Анарбекқызы Тоғжан, Бағдар Роза, Қазиданова Үміт Болатқызы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алған.

Сонымен қатар университетке серіктес жоғары оқу орындарының студенттері де академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға келеді. Мәселен, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның 3-курс студенті Тынышбай Әсел 2025-2026 оқу жылының 5-семестрінде Ішкі академиялық ұтқырлық бойынша білім алды. «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»» ББ бойынша Түркия мемлекеті Нийде Өмер Халисдемир университетінің 2 курс магистранттары Ефе Эсра Нұр, Акпулат Медиха 09.10.2023ж. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-на академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 1-семестрге оқуға келген. «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылғы 20 қаңтар мен 2026 жылғы 10 қаңтар аралығында Эге университетінің 2-курс докторанты Берна Жантекин (Berna Cantekin) Қазақ әдебиеті кафедрасының «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде (Орхун халықаралық бағдарламасымен) оқыды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тіркеу және мониторингтеу Тіркеуші кеңсе арқылы университеттің «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады. Жүйе білім алушылардың ағымдағы және аралық бақылау нәтижелерін тіркеуге, академиялық үлгерімін бақылауға және GPA көрсеткішін есептеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың қосымша білім алу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында университет халықаралық онлайн білім беру платформаларына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Атап айтқанда, білім алушылар Coursera платформасындағы курстарды тегін өтіп, сертификаттар ала алады. Мәселен 2023-2025 жылдар аралығында «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша жалпы саны 155 студент аталған курстардан өтіп, сертификат алған.

Университет білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тартуға ерекше назар аударады. Білім алушылар ғылыми конференцияларға, ғылыми жобалар конкурстарына және пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Сонымен қатар кафедралар жанында ғылыми үйірмелер мен ғылыми мектептер жұмыс істейді. Мәселен, Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының жанынан құрылған «Ғылымға қадам» (ф.ғ.д. профессор Ермекова Т.Н.) және «45 минут» (п.ғ.д., профессор Сатбекова А.А.) ғылыми- әдістемелік мектептердің ұйымдастыруымен 2025 жылдың 1 қазан күні «Дипломдық жоба жазу: «Lesson study және заманауи зерттеу тақырыптарын таңдау» тақырыбында ғылыми семинар өтті. Ғылыми семинарда ф.ғ.д., профессор Ермекова Т.Н «Дипломдық жоба жазу: «Lesson study және заманауи зерттеу тақырыптарын таңдау» мәселесі сөз болды. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетіндегі Lesson study: тиімділігі мен қолдану жолдары атты тақырыпта семинар-тренинг жүргізді. Семинар барысында

студенттердің Lesson study бойынша сұрақтарына жауап беріліп, пікір алмасу ұйымдастырылды. Семинарда әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру білім алушының құзыреттілігі үшін жеткіліксіз екендігіне көз жеткізілді.

26 ақпан 2025 жылы Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Т.Н. Ермекованың «Ғылымға қадам» ғылыми мектебінің ұйымдастыруымен ерекше форматтағы ғылыми шара – фейл-конференция өткізген. «Ғылыми жұмыс жазу барысындағы қателіктер және оны жою жолдары» атты тақырыпта Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының PhD Д.Ж. Рысқұлбек және PhD Г.А.Ескермесова баяндама жасаған. Спикерлер ғылыми жұмысты жазу барысында кездесетін басты қателер мен оларды болдырмау тәсілдері туралы өз тәжірибелерімен бөліскен.

Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіби даярлығы педагогикалық практикалар арқылы жүзеге асырылады. Университетте арнайы құрылымдық бөлімше – Практика және мансап бөлімі жұмыс істейді, ол студенттердің әртүрлі практикаларды өтетін ұйымдарымен тығыз жұмыс жүргізеді.

Практика базалары ретінде Алматы қаласының және басқа өңірлердің жалпы білім беретін мектептері мен білім беру ұйымдары белгіленген. Нақтырақ тоқталсақ, «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»; «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша келісімшарт негізінде төмендегідей пракатика базаларымен тығыз қатынас орнатылған. Алматы қаласы «№15 гимназия» КММ; Жамбыл облысы, Шу қаласы, №40 мектеп лицейі; №97 жалпы білім беретін мектеп; «Мемлекеттік тілді үйрету этникалық курсы» мәдени мекемесі; Алматы қаласы «№ 96 ЖББМ» КММ; №95 мектеп-лицей КММ, Мемлекеттің тілді дамыту институты. «6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-лары бойынша Алматы қаласы №59 мектеп-гимназия, №140 гимназия КММ, №198 мектеп-гимназия, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты сияқты практика базаларымен келісім шарт негізінде тығыз қарым-қатынас орнатылған. 6В01702-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мен 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті ББВ бойынша практика нәтижелері кафедралар ұйымдастырған қорытынды конференцияларда талқыланып, білім алушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейі бағаланады.

Университетте білім алушылардың әлеуметтік, мәдени және шығармашылық дамуына қолдау көрсететін студенттік ұйымдар мен клубтар жұмыс істейді. Олардың қатарында ғылыми, мәдени үйірмелер, әдеби шығармашылық ұйымдар, пікірсайыс клубтары, волонтерлік және әлеуметтік жобалар бар. Осы мақсатта Университетте «Жастар саясаты» орталығының студенттік ұйымдары жұмыс істейді: «Қыз Жібек» клубы; «Ұмай ана» клубы; «Жас Отан» жастар қанаты; «Студенттер Альянсы», «Парасатты НЛО (нағыз көшбасшылар Одағы)» пікірсайыс клубы; «Жасыл Ел» жасағы, «Достық» жастар ұйымы; «Ақ қауырсын» жас ақындар клубы; Алматы қаласы Алмалы ауданының «Серт» полиция көмекшілерінің студенттік жасағы бар. «6В01702 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша "Smart PedagoG" педагогикалық үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге филология мен қазақ тілінің оқыту әдістемесі салаларына қызығушылық танытқан, академиялық жазылым дағдыларын, тілдік-мәдени шығармашылық әлеуетін дамытуға талаптанған білім алушылар қабылданады. Үйірме жұмысы барысында 2025 жылдың наурыз-сәуір айларында үйірме мүшелері Алматы қаласында орналасқан Ұлттық кітапханаға барып, «Қазақ тіл біліміндегі жаңалықтар мен жетістіктер» тақырыбында материалдар жинақтап, ғылым апталығында көрме ұйымдастырған. Үйірмеге PhD А.Мурзинова жетекшілік жасайды.

Қазақ әдебиеті кафедрасы жанында екі үйірме жұмыс жасайды. Олар: «Назқоңыр» әдеби-сазды шығармашылық ұйымы және «Ізденіс» ғылыми-зерттеу үйірмесі. Екі үйірме мүшелігінде «6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ студенттері бар. Мәселен, 2025 жылғы 23 қыркүйекте Серікзат Дүйсенғазыұлы шығармашылығына 50 жыл толуына арналған

әдеби-сазды кеште «Назқоңыр» үйірмесінің өнерпаздары көркем сөз шеберлері ретінде ақынның өлеңдерін көркем сөзбен оқып, тыңдармандарға оның шығармашылық әлемін терең сезінуге мүмкіндік берді. «Ізденіс» ғылыми-зерттеу үйірмесінің 1,2 курс студенттері: 13.03.2024 ж. Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?», «Тау ішіндегі тауқымет» және танымал жазушы Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер», «Біртуар» кітаптарының таныстырылымын жасап, шығарманы талдады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері университеттің Кәсіби тәжірибе және мансап бөлімі арқылы үйлестіріледі. Университет жыл сайын түлектер үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырып, жұмыс берушілермен кездесулер өткізіп отырады.

Сыртқы сараптау комиссиясының сарапшылары университеттің түлектермен байланыс орнату тәжірибесі бар екенін анықтады. Университет түлектері білім беру ұйымдарында басшылық қызметтер атқара отырып, жұмыс берушілер және педагогикалық практика базаларының жетекшілері ретінде білім беру процесіне тартылған. Сонымен қатар түлектер кафедра ұйымдастыратын ғылыми-әдістемелік іс-шараларға, дөңгелек үстелдер мен кездесулерге қатысып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын талқылауға қатысады.

Ұсынылған материалдар негізінде университет білім алушылардың академиялық, ғылыми және кәсіби дамуын қолдауға бағытталған ұйымдастырушылық және академиялық механизмдердің бар екенін көрсетті.

***Сараптамалық бөлім***

Ұсынылған материалдарды, статистикалық деректерді және сапар барысында өткізілген сұхбат нәтижелерін талдау университетте білім алушылар контингентін қалыптастыру, олардың академиялық, ғылыми және кәсіби дамуын қолдау бағытында белгілі бір жүйе қалыптасқанын көрсетті.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті білім алушылар контингентін қалыптастыру кезінде рәсімдердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. Университетте оқуға қабылдау, оқу процесін ұйымдастыру, академиялық ұтқырлық, практикадан өту және оқу нәтижелерін бағалау мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар әзірленіп, бекітілген.

2025–2026 оқу жылында «6В01701–Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша жалпы 800 студент білім алуда. Оның ішінде:

1 курс – 181 студент (117 – грант, 64 – ақылы);

2 курс – 243 студент (237 – грант, 6 – ақылы);

3 курс – 180 студент (110 – грант, 70 – ақылы);

4 курс – 196 студент (89 – грант, 107 – ақылы). Сонымен қатар 4 студент академиялық демалыста (2 – грант, 2 – ақылы).

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша: *1* курс – 8 магистрант, *2* курс – 7 магистрант. Жалпы – 15 магистрант.

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша: 1 курс – 5 докторант, 2 курс – 6 докторант білім алуда. Жалпы - 11 докторант.

Университет Болон процесінің негізгі элементтерін жүзеге асыру мақсатында қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасаған. Лиссабон конвенциясы талаптарына сәйкес білім алушылардың академиялық жетістіктерін тану және академиялық ұтқырлықты дамыту тетіктері қарастырылған.

2022–2026 жылдар аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу көрсеткіштері төмендегідей:

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы бойынша: кіріс - 39, шығыс - 10;

«6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы бойынша: кіріс - 2, шығыс - 0;

«7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы бойынша: кіріс - 3, шығыс - 2;

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы бойынша: есептік кезеңде академиялық ұтқырлық жүзеге асырылмаған;

«8D01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы бойынша: кіріс - 1, шығыс - 0.

Университет шетелдік білім алушыларды қабылдау және олардың бейімделуіне қолдау көрсету тәжірибесіне ие. Шетелдік студенттер үшін де бейімдеу іс-шаралары ұйымдастырылады және олар оқу процесіне толыққанды қатысады.

ССК жұмысы барысында сарапшылар білім алушылардың педагогикалық практикасын ұйымдастыру тәжірибесіне ерекше назар аударды. Университет білім алушыларды педагогикалық практика базаларымен қамтамасыз ету және түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу бойынша тиімді жүйе қалыптастырған. Педагогикалық практика білім беру ұйымдарымен жасалған келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады, ал студенттердің практикасы бірқатар мектептерде жалғасатын сабақтастық қағидаты бойынша ұйымдастырылған. Атап айтқанда, білім алушылар 3 курстан бастап практикадан өткен білім беру ұйымдарында 4 курс кезінде де педагогикалық практикаларын жалғастырып, кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Бұл тәжірибе білім алушылардың болашақ жұмыс орнына бейімделуін жеңілдетіп, олардың кейін сол білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Мысалы, 2025–2026 оқу жылында «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ түлектері Алматы қаласындағы №59 мектеп-гимназиясына жұмысқа орналасқан: Айткүл Сәрсембай, Аманжолова Жанна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі; Еркінқызы Айдана – кітапханашы және 0,25 жүктемемен пән мұғалімі. Сонымен қатар «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының білім алушылары Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейінде педагогикалық практикадан өтеді және практикасын бірнеше жыл қатарынан жалғастыру тәжірибесі қалыптасқан. Сарапшылардың практика базаларына жасаған сапары барысында мектеп әдіскерлері университет білім алушыларының кәсіби даярлық деңгейіне жоғары баға берді. Олардың пікірінше, білім алушылар заманауи оқыту технологияларын меңгерген, әдістемелік тұрғыдан дайын, оқушылармен тиімді қарым-қатынас орната алады және оқу процесінде цифрлық құралдарды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланады. Сонымен қатар тәжірибелі мұғалімдер тарапынан тұрақты әдістемелік қолдау көрсетіледі. Университеттің білім беру ұйымдарымен тұрақты серіктестігі, практика базаларының жүйелі ұйымдастырылуы және түлектердің нақты жұмысқа орналасу фактілері білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін және олардың тиімді жүзеге асырылуын көрсетеді.

Университетте дарынды білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Білім алушылар ғылыми жобаларға, конференцияларға, олимпиадаларға және шығармашылық іс-шараларға қатысу арқылы өздерінің зерттеушілік және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Сапар барысында сарапшылар университеттің түлектермен өзара қарым-қатынас тәжірибесін де қарастырды. Университетте түлектермен тұрақты байланыс сақталып, олардың бірқатары жұмыс берушілер және практика базаларының жетекшілері ретінде білім беру процесіне тартылған. Сонымен қатар түлектер кафедра ұйымдастыратын ғылыми және әдістемелік іс-шараларға қатысады. Дегенмен сарапшылар түлектермен өзара қарым-қатынас негізінен бейресми сипатта жүзеге асырылатынын атап өтті. Түлектер қауымдастығының қызметі институционалдық деңгейде толық рәсімделмеген, бұл университет пен түлектер арасындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде дамыту мүмкіндігін шектейді.

Жалпы алғанда сарапшылар университетте білім алушылардың академиялық, ғылыми және кәсіби дамуын қолдауға бағытталған тәжірибе қалыптасқанын атап өтті.

*ССК тарапынан өткізілген сауалнама бойынша* студент пен оқытушы қарым-қатынасы - 85,2% қанағаттанарлық, - 12,3% жартылай қанағаттанарлық, денсаулыққа қатысты қызмет көрсетудің қолжетімділігі – 78,4% қанағаттанарлық, - 17,9% жартылай қанағаттанарлық, - 2,5% қанағаттанбайтынын, ББ оқу пәндерінің сапасы бойынша - 88,9%

қанағаттанарлық, - 9,9%жартылай қанағаттанатыны, оқыту әдістері бойынша – 86,4%қанағаттанатынын, -11,1%жартылай қанағаттанатыны, -1,9% қанағаттанбайтынын, білім алушыларға оқу үдерісіне қатысты оқытушылар тарапынан кері байланыстың тездігі – 88,9% қанағаттанарлық, - 9,9% жартылай қанағаттанатынын, жалпы оқыту сапасымен - 87,7% қанағаттанатынын, - 10,5% жартылай қанағаттанатыны анықталды. Келтірілген деректер негізінде білім алушылардың университеттің көрсететететін қызметтеріне қанағаттанатынын көрсетеді.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

Университет білім алушыларды практика базаларымен жүйелі түрде қамтамасыз етіп, білім беру ұйымдарымен тұрақты серіктестік арқылы студенттердің кәсіби даярлығын күшейтуге және түлектердің еңбек нарығында табысты жұмысқа орналасуына жағдай жасайды.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК ұсынысы:***

Университет басшылығы 2027 жылдың 1 қаңтарына дейін түлектер қауымдастығы туралы Ережені әзірлеп, бекітсін, оның құрылымы мен қызмет бағыттарын айқындасын. Түлектердің бағдарламаларды іске асыруға қатысуын қамтамасыз ететін қауымдастықтың жұмыс жоспарын қалыптастырсын, бекітсін және іске асырсын. Қауымдастықтың қызметі туралы ақпаратты университет сайтында орналастыруды, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге нақты ықпал ету үшін оның өкілдерін алқалы органдардың (Ғылыми кеңес, академиялық комитеттер) құрамына қосуды қамтамасыз етсін.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК қорытындысы:***

*«Білім алушылар» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде:1 позиция - күшті, 15 позиция – қанағаттанарлық, 1 позиция жақсартуды көздейді.*

## 6.7. Стандарт «Профессор-оқытушылар құрамы»

*ЖОО-да бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін қызметкерлерді жалдау (оның ішінде шақырылған ПОҚ), кәсіби өсу және дамытуды қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс*

*ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, ББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы студенттік орталықтандырылған оқыту мен оқытуға көшуге байланысты оқытушының рөлінің өзгеруін көрсетуі керек*

*ЖОО ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс*

*ЖОО ББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс*

*ЖОО ПОҚ ның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс*

*ЖОО білім беру процесінде (мысалы, on-line оқыту, е-портфолио, MOOCs және т. б.) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың ПОҚ кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс*

*ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғандығын көрсетуі тиіс*

*ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-да сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылуын көрсетуі, ПОҚ, оның ішінде шақырылғандардың ББ мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін айқындауы тиіс*

*ПОҚ өңір мен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады*

***Дәлелдеу бөлімі***

ССК ұсынған құжаттарды, университеттің ішкі нормативтік актілерін, профессор-оқытушылар құрамымен және құрылымдық бөлімшелер басшыларымен жүргізілген сұхбаттарды талдау нәтижесінде университетте кадрлық саясаттың қалыптасқандығы анықталды. ПОҚ-ты жұмысқа қабылдау, лауазымдарға тағайындау және қызметтік өсу рәсімдері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады https://qyzpu.edu.kz/uploads/uploaded_files/Медиа/Фотолар%202024/29.03.2024/кадровая%20политика_compressed.pdf?_t=1711714754 .

Білім беру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамының сапалық құрамы белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді https://qyzpu.edu.kz/kz/kafedra---kazahskogo-yazika-i-literaturi.

Кесте 2. Аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми әлеует

| № | ББ атауы | Ғылыми әлеуетінің пайыздық көрсеткіші |
|---|---|---|
| 1 | «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» | 63% |
| 2 | «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» | 86,5%. |
| 3 | «8D01701– Қазақ тілі мен әдебиеті» | 100%. |
| 4 | «6В01702– Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» | 55,9% |
| 5 | «7М01702–Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» | 100% |

Профильдік пәндерді оқытатын оқытушылардың басым бөлігі ғылыми дәрежеге ие және тиісті ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар.

ССК-ға ұсынылған материалдар профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуына жағдай жасалғанын көрсетті. Оқытушылар жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарынан, ғылыми семинарлардан және тренингтерден өтеді. Мәселен, ПОҚ «Білім берудегі жасанды интеллект», «Білім берудегі заманауи трендтер», «Инклюзивті білім беру», «Академиялық жазылым» және басқа бағыттар бойынша курстардан өткен. Оқытушылар Абдирасилова Г.К., Асанбаева С.А., Бейсенбекова Г.Т., Нуржанова Б.Н., Отарбекова Ж.К., Сатбекова А.А., Сулейменова Ж.Н «Финляндияның Хяме қолданбалы ғылымдар университеті үйлестіретін KZEMP/QCBS-03 «Педагогикалық білім беруді күшейту» жобасы аясында», «Педагогикалық білім беру моделін масштабтау және университеттің ПОҚ әлеуетін күшейту» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Сонымен қатар ББ қамтамасыз ететін ПОҚ 2024 жылдың маусым айының 3-14 аралығында «Білім берудегі жасанды интеллект: негіздері және практикалық қолдану» (72 сағат), 2024 жылдың 28 мамыр -08 маусым аралығында «Докторанттарға жетекшілік етудің негіздері»(72 сағат); «Білім берудегі заманауи трендтер» (08-19.01.2024 ж. 72 сағат); «Филологиялыө билим берүүдөгү заманбап инновациялық мамилелер» семинар (72 сағат, 2024 жыл); «Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» (72 сағат, 2025 жыл); «Академиялық жазылым» ғылыми семинары (2023 жыл, 90 сағат); «Оқу үдерісінде Lesson study әдісін қолданудың практикалық мүмкіндіктері» курсы (36 сағат, 2023 жыл); «Білім берудегі жасанды интеллект: негіздері және практикалық қолдану» (2024 жыл, 72 сағат); «Инклюзия жағдайында білім алушыларды психологиялық- педагогикалық және әдістемелік қолдау» (2025 жыл, 72 сағат) курстарынан өтіп, біліктіліктерін жетілдірген.

«6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша ПОҚ пәндік біліктілікті арттырған: «Аударма теориясы мен практикумы», «Мәдениетаралық коммуникация негіздері», «Кәсіби этика және сәйкестік», «Коммуникация негіздері», «Тіл біліміндегі заманауи бағыттардың өзара сабақтастығы», «Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялар: тәжірибе мен өзекті мәселелері», «Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис) және оқыту әдістемесі».

ССК-ға ұсынылған материалдар профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу қызметінің белсенді жүргізілетінін көрсетті. Кафедра оқытушылары ғылыми жобаларды іске асыруға, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуға және ғылыми жарияланымдар әзірлеуге қатысады. Атап айтсақ, 2022-2024 жж аралығында Әбдіқалық К.С., Балтабаева Н.С., Қожекеева Б.Ш. «Ұлттық әдебиттегі Алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» (AP 14871300). Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті;

2023-2025 жж аралығы. Жоба жетекшісі Көшекова А.А. «Фольклор кейіпкерлерін жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды құрал ретінде пайдалану жолдары» (AP19678024). Мемлекеттік тілді дамыту институты жобасы. Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының PhD, аға оқытушысы Д.Рысқұлбек 2025-2027 ж. арналған ЖТН AP26105015 «Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект жүйесінде берілуі: тілдік ауытқулар және оны жүйелеу» (Келісімшарт № 350 02.10.2025) атты ғылыми жоба жетекшісі.

ПОҚ оқыту үдерісінде жаңа инновациялық оқыту тәсілдерін кеңінен қолданатыны ББ-дан, пән силлабустарынан, ССК тарапынан білім алушылармен алынған сұхбат, сауалнама нәтижелерінен көрініс тапты.

ПОҚ еңбегін бағалау, айрықша үлесін қосымша ынталандыру шаралары қарастырылып, арнайы ережелері бекітілген. ББ-ның профессор-оқытушылар құрамы білім беру саласындағы қызметтері үшін түрлі марапаттарға қол жеткізген. Атап айтқанда, 2024 жылы Қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қожекеева Бекзада Шакизадаевна Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 2024 жылы Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр Даутұлы Тұрсынбай Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қоса отырып, өркендеу жолында атқарған абыройлы еңбегіңіз бен адал қызметі үшін Алғысымен, 2025 жылы 29 қыркүйегінде Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр Даутұлы Тұрсынбай «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (№304) марапатталса, 2025 жылы 15 сәуірде Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Пархат Юсупқа Ғылым қызметкерлері күніне орай Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушыларына білім саласындағы ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі табысталды.

Есептік кезеңде ҚР БҒМ Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері – 1 (23 желтоқсан 2021ж. Қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а. PhD Балтабаева Наргиза Смайлова). Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы -1 (2023 жылы қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Бибігүл Сұлтанова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023» байқауының жеңімпазы).

Кафедра оқытушылары оқу-әдістемелік жүктемеден тыс қала, облыс, республика көлемінде өткізілетін түрлі іс-шараларға қазылар алқасы, төрағалар ретінде тартылады. Аккредиттеліп отырған ББ-ның төрт оқытушысы ҚР ЖОО-на тәуелсіз сарапшы ретінде тартылған: ф.ғ.к., профессор м.а. Л.М. Әділбекова, PhD, қауым.проф.м.а. Н.С. Балтабаева Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз Агенттігінің (НААР) тәуелсіз сарапшылары, 2025 жылдың қазан айының 20-21 күндері қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD П. Юсуп «Акредиттеудің Тәуелсіз қазақстандық Орталығының» сарапшысы, С. Асанбаева Жұмабек Ахметұлы Ташенов атындағы университеттің; М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің;

Тұран-Астана университетінің сыртқы сарапшысы. 2025 жылдың 11 сәуірінен Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр Даутұлы Тұрсынбай Қазақстан жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған.

2020-2024 жылдар аралығында «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» және «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ларын дайындайтын қазақ әдебиеті кафедрасы оқытушыларының авторлығымен 4 монографиялық еңбек жарық көрген: 2020 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі роман-эссе жанры», 2022 жылы ғылыми жоба негізінде «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» монографиясы (Н.С. Балтабаева), 2023 жылы «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы салт-дәстүр тағылымы» монографиясы (Р.З. Зайкенова) және 2024 жылы «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ұжымдық монографиясы( К.С. Әбдіқалықтың бас редакторлығымен ғылыми жоба негізінде).

Университет шетелдік және отандық ғалымдарды шақыру арқылы қонақ дәрістер мен ғылыми семинарлар өткізеді. Есептік кезеңде сыртқы ұтқырлық бойынша оқыту үдерісіне 7 ғалым тартылып, арнайы курс, дәріс, семинар, біліктілікті арттыру курстарын жүргізген. 2025 жылдың 25 ақпан күні Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедраның профессоры, ф.ғ.д. Т.Н. Ермекованың «Ғылымға қадам» ғылыми мектебінің ұйымдастыруымен Түркие Республикасы Мугла Сыткы Кочман университеті, Әдебиет факультетінің қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеттері бөлімінің профессоры, PhD Аян Екремнің «Ethics, Plagiarism and Scopus Journals in Turkey» тақырыбындағы Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі мен теориясы және Қазақ әдебиеті кафедра ПОҚ құрамына дәрісі өтті. 2025 жылдың 6 қарашасында Қырғыз республикасы Ұлттық академиясының Социолингвистика бөлімінің басшысы, доцент, филология ғылымдарының кандидаты Алымбаева Зарылкан Арстанбековна мен И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің Т.Ахматов атындағы Қырғыз тілі және оны оқытудың технологиялары кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Касымбекова Нурида Жумагулова студенттерге қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтік лингвистика стилистика, генетикалық тіл білімі сияқты салаларына қатысты маңызды тақырыптарда дәріс оқыған.

2023 жылдың 11 қазанында Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен Нидерланды Королдігінен келген «Eurasian Perspective» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор, PhD доктор Ауезова Зифа-Алуа Муратовна профессорлық-оқытушылық құрамға дәріс оқыды. 2026 жылғы 6–18 сәуір аралығында «6B01701 – Қазақ тілі мен әдбиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдбиеті» және «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларына арналған «Kardeş Kalplerin Haritası – Çağdaş Kazak Çocuk Edebiyatından Seçmeler» тақырыбында ғылыми семинар өткізу мақсатында Туркия Республикасы Pamukkale University Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Қазіргі түркі диалектілері мен әдебиеттері кафедрасының профессоры Нергис Бирай шақыртылған.

ББ басшылығының ұйымдастыруымен 2024 жылдың 24 қазанында «Білім беру ұйымдарында қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері» атты әдістемелік семинар, 2025 жылы 23 сәуірде онлайн және офлайн форматта «Қазіргі әдебиеттану ғылымы және әдебиетті зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілген.

***Сараптамалық бөлім.***

Ұсынылған материалдарды талдау университетте профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру және дамыту бойынша жүйелі кадрлық саясат жүргізілетінін көрсетті. ПОҚ-ты жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылып, кадрлық рәсімдердің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті жоғары деңгейде. Әсіресе магистратура және докторантура деңгейіндегі білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 100% құрайды, бұл білім беру бағдарламаларының ғылыми-академиялық қамтамасыз етілуінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

ССК-ға ұсынылған құжаттар университетте профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуына жағдай жасалғанын көрсетті. Біліктілікті арттыру курстары, ғылыми семинарлар мен халықаралық жобалар арқылы оқытушылардың педагогикалық және ғылыми құзыреттері жүйелі түрде дамытылып отырады. Сонымен қатар жас оқытушыларды қолдауға бағытталған ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізіледі. Университет білім беру бағдарламаларын іске асыруға практикалық тәжірибесі бар мамандарды тарту арқылы білім беру мен кәсіби орта арасындағы байланысты нығайтады. Бұл білім алушылардың практикалық даярлығын күшейтуге ықпал етеді.

Сонымен қатар университет академиялық ұтқырлықты дамыту бағытында халықаралық ынтымақтастық орнатқан. Шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткізілетін қонақ дәрістер мен ғылыми семинарлар білім беру бағдарламаларының мазмұнын халықаралық тәжірибемен толықтыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, есептік кезеңде ПОҚ-тың ішкі академиялық ұтқырлыққа қатыспағаны анықталды.

Білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін қосу кәсіби біліктілік пен құзіреттілікті шыңдай түсері анық. Осы мақсатта ББ-ды іске асыруда мектеп базаларынан тәжірибелі практик мамандарды сабақ беруге тарту оң нәтиже берері айқын. Дегенмен, есептік кезеңде практик мамандардың нақты оқыту үдерісіне тартылмағаны анықталды.

ССК-ның мақсатты топ өкілдерімен жүргізген сұхбаттары барысында университетте профессор-оқытушылар құрамының қызметін бағалауға арналған негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) жүйесін әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны анықталды. Бұл ақпарат оқытушылар мен құрылымдық бөлімшелер басшыларымен жүргізілген сұхбаттар барысында расталды. Сонымен қатар талқылау кезінде оқытушылардың аталған жүйені қалыптастыру тәсілдері мен критерийлері туралы жеткілікті деңгейде хабардар еместігі және оны әзірлеу үдерісіне тікелей қатыспайтыны байқалды. Бұл жағдай профессор-оқытушылар құрамының кәсіби қызметін бағалау тетіктерін қалыптастыру барысында оларды кеңінен ақпараттандыру және осы үдеріске тарту қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-педагогикалық әлеуеті білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес келеді және олардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз етеді.

*ССК тарапынан өткізілген сауалнама нәтижелерінен білім алушылардың ПОҚ-тың атқаратын жұмысын қанағаттанарлық деп бағалайды.Оқытушы оқытудың тиімді тәсілін пайдаланады – 81,5%(132 адам); оқытушының баяндауы түсінікті – 83,3%(135 адам); білім, дағды, оқу жетістіктерін шынайы бағалау – 80,9%(131 адам); оқытушы студенттердің белсенділігін ынталандырады – 84,6%(137 адам); оқытушы қолданатын бағалау критерийлері түсінікті және қолжетімді – 87,7%(142 адам).*

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК ұсынысы:***

1. Университет басшылығы 2026 жылғы 30 желтоқсанға дейін ПОҚ мен ББ басшыларын KPI жүйесін әзірлеуге тартуды қамтамасыз етсін.

2. ББББ басшылығы 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін «6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702– Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-н жүзеге асырушы ПОҚ-тың отандық ЖОО арасында ішкі академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға қатысуын жоспарласын.

3. ББ басшылығы 2027 жылдың 1 қыркүйегінен бастап дуальді оқытудың элементтерін оқыту үдерісіне қосу және тәжірибеге бағытталған білім беруді іске асыру мақсатында әрі білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін дамыту үшін «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-нда жүргізілетін «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндерінің практикалық сабақтарын жүргізу үшін мектептен тәжірибелі практик мамандарды тартуды көздесін.

«**6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК қорытындысы:***

*«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша 13 критерий ашылды, оның ішінде: 11 позиция – қанағаттанарлық, 2 позиция жақсартуды көздейді.*

## 6.8. Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»

*ЖОО инфрақұрылымның, білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық ресурстардың білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс*

*ББ басшылығы ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің жеткіліктілігін көрсетуі тиіс*

*ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО қажеттіліктеріне және іске асырылатын ББ қажеттіліктеріне сәйкестігін, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша көрсетуі тиіс:*

*білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ технологиялық қолдау (мысалы, онлайн оқыту, модельдеу, Деректер Базасы, деректерді талдау бағдарламалары);*

*кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры қағаз және электрондық жеткізгіштерде, мерзімді басылымдарда, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;*

*ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, плагиатқа диссертацияларды сараптау;*

*Білім беруші интернет-ресурстарына қол жеткізу;*

*өз аумағында WI-Fi жұмыс істеуі.*

*ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылым мен білім беруді интеграциялауға, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялауға жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс*

*Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдардың тиісті экономикада пайдаланылатындарға ұқсас болуын көздеуге тиіс*

*ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің, оның ішінде ақпараттандыру мен кеңес берудің бар екендігін көрсетуі тиіс*

*ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс*

*ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтіндер, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың)қажеттіліктерін ескеруі тиіс*

*ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс*

***Дәлелдеу бөлімі***

«6В01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701–Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701– Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

ББ-ы қажетті материалдық-техникалық ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ ССК тарапынан білім алушылардың медициналық орталық, бассейн, спорт залы, кітапхана, сондай-ақ «Жан Шуағы» психологиялық орталығына жүгіну құқығына ие екендігіне көз жеткізілді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті білім беру сапасын қамтамасыз етуде материалдық-техникалық базасын үнемі жетілдіруді көздейтіні байқалады.

Білім беру бағдарламаларының материалды-техникалық базаларын жаңарту және жетілдіру мақсатында ауқымды жоспарлы жұмыстар жүргізілген. Университетте аумағы 75 771,3 м² болатын 4 оқу корпусы бар, оқу ғимараттарында студенттер мен қызметкерлерге қызмет көрсететін буфет, кафетерий және асханалар жұмыс істейді. Университет оқу үдерісіне қажетті 5 интерактивті лекциялық зал, бірнеше мамандандырылған мультимедиялық және лингафондық кабинеттер, сондай-ақ оқу-зертханалық аудиториялармен жабдықталған.

Университет білім алушыларын жатақханамен қамтамасыз етеді. Университет меншігінде жалпы ауданы 29 565,8 м² құрайтын 7 жатақхана және Студенттер үйі бар https://qyzpu.edu.kz/ru/normativnie-dokumenti-obshchezhitiya.

Университетте «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе» деректер базасы, Интернетке қосылған ақпараттық-коммуникациялық корпоративтік желі, сондай-ақ https://qyzpu.edu.kz/kz мекенжайында орналасқан университеттік портал жұмыс істейді.

2024 оқу жылында білім алушылар мен ПОҚ-тың білім беру бағдарламасы мақсаттарына қол жеткізуін толық қамтамасыз ететін Platonus білім беру платформасы қолданысқа енгізілген.

ССК сапары барысында университетте білім алушыларды оқытуға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми нәтижелерін жариялауға қажетті барлық жағдайлар жасалғанына көз жеткізілді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде 13 компьютерлік сынып және 2 мультимедиялық кабинет жұмыс істеп тұр әрі білім алушылар мен оқытушылар үшін Microsoft Windows, Office 365, антивирустық бағдарламалар, 1С, Salem Office, Oqulyq.kz, Platonus, Plagiarism, сондай-ақ бағдарламалау пәндеріне арналған оқу нұсқасындағы бағдарламаларға лицензиялар сатылып алынған.

Университет заманауи аппараттық құралдармен толық қамтамасыз етілген және қауіпсіздік техникасы нормаларына толық сәйкес келеді.

Университеттегі заманауи үлгідегі кітапхана еңбек нарығының талаптарына толық сәйкес келеді. Сарапшылар кітапханада кітап қорын жинақтау, ғылыми өңдеу және сақтау бөлімі; оқырмандарға анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету бөлімдерінің жұмысымен танысты.

Ұсынылған деректер бойынша ашық қолжетімді кітаптардың жалпы саны 31 885 дананы құрайды және олардың барлығы RFID-белгілермен жабдықталған. Кітапханадағы жалпы отыратын орындар саны - 516.

2025 жылғы 01.12 жағдайы бойынша кітапхана қоры 1 044 800 дана баспа басылымын құрайды. Оның ішінде:мемлекеттік тілде - 916 427 дана; орыс тілінде - 113 568 дана; шетел тілдерінде - 14 805 дана.

Оқу құралдары, оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдар саны 845 576 дананы құрайды, бұл қордың жалпы көлемінің 80,9%-ына сәйкес келеді.

**Кесте 3. Кітап қоры туралы ақпарат**

| Әдебиет түрі | Барлығы, дана | Қазақ тілінде | Орыс тілінде | Шетел тілдерінде |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы кітап қоры | 1 044 800 | 91 6 427 | 113 568 | 14 805 |
| Оқулықтар | 500 808 | 40 7 014 | 81 969 | 11 825 |
| Оқу-әдістемелік құралдар | 167 421 | 14 9 959 | 14 925 | 2 537 |
| Ғылыми әдебиет | 177 347 | 17 1 469 | 5 793 | 85 |
| Көркем әдебиет | 145 484 | 13 7 867 | 7 368 | 249 |
| Қосымша әдебиет (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) | 53 740 | 50 118 | 3 513 | 109 |

Ұсынылған деректерге сәйкес соңғы үш жылда кітапхана қоры 22 315 кітаппен толықтырылған.

Университет кітап қоры туралы ақпаратты тиімді іздеу мақсатында кітапхана қызметкерлері электрондық каталогты жүргізеді. Электрондық каталог веб-интерфейске ие және кітапхананың веб-порталында қолжетімді. Кітапхананың электрондық каталогындағы жазбалар саны кітап атаулары бойынша библиографиялық жазбалар (01.12.2025 ж. жағдай бойынша) 147 938 құрайды.

Институттар бойынша кітапхана пайдаланушыларының саны Филология институты бойынша 995 құраған (2024–2025 оқу жылы)

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның білім алушылары соңғы үлгіде жабдықталған А. Байтұрсынұлы атындағы, Р. Сыздық атындағы, Ш. Беркімбаева атындағы, С. Исаев атындағы, Ш. Сарыбаев, З. Ахметов, Ә. Құрысжанов атындағы атаулы кабинеттерде және «Латын графикасы және қазақ жазуының тарихы» және «Қазақ әдебиетінің тарихы мен типологиясы» деп аталатын кабинетте білім алады. Бұл ББ бейініне сәйкес жабдықталған кабинеттер білім алушылардың тәжірибелік және зерттеушілік дағдыларын дамытуға; теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталғандығын дәлелдейді.

Университет кітапханасының оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету қорында «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті, «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ көрсетілген.

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша Lesson Study бітіру жобасы; «7M01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша магистрлік диссертациялар және «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша докторлық диссертациялар қорғауға жіберілер алдында міндетті түрде плагиатқа тексеріледі және ол университетте StrikePlagiarism плагиатқа тексеруге арналған халықаралық автоматтандырылған жүйесі арқылы іске асырылатыны дәйектелді.

Университет аумағында білім алушылар мен ПОҚ үшін Wi-Fi интернет желісіне қосылу мүмкіндігі берілген. Wi-Fi оқу корпустарында; дәрісханаларда; кітапханада, оқу залдарында; студенттік және коворкинг аймақтарда қолжетімді. Университетте kazmkpu.kz Wi-Fi берілген.

Университетте ғылыми-зерттеулер жүргізуге және ғылым мен білім беруді интеграциялауға жағдай жасалғандығына сарапшылар толық көз жеткізді.

Білім алушылар оқу жоспарлары мен бағдарламалық талаптармен; бағалау критерийлері мен оқу нәтижелерімен; академиялық қызмет пен ғылыми мүмкіндіктері туралы уақтылы ақпаратты университет сайтынан https://qyzpu.edu.kz/; әлеуметтік желілерден qyzpu.kz; кафедраның әлеуметтік желілерінен Ktbta Kafedra; Platonus ақпараттық жүйесінен, т.б. танысу мүмкіндігін иеленген.

Университетте білім беру бағдарламаларын игеру үшін қолданылатын оқу-жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті, олар ББ-дың ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқу үдерісінде қауіпсіздік талаптары сақталған.

***Сараптамалық бөлім***

ЖОО-лар арасындағы негізгі бәсекелестік артықшылықтардың бірі – жоғары технологиялық және үнемі жаңартылып отыратын материалдық-техникалық база. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ҚЭН (2021-2024 жж.) шеңберінде 5,9 млрд. теңге көлемінде мақсатты қаржыландырудың және гранттық қаражатты тартудың арқасында МЖМБС талаптарына сәйкес келетін инфрақұрылымды құра алды және іргелі ғылым мен озық цифрлық шешімдерді оқу процесіне біріктіре отырып, үздік әлемдік стандарттар деңгейінде даярлауға мүмкіндік жасады. Бұдан университеттің білім беру сапасын қамтамасыз ету мен тұрақты дамуына кепілдік беруде материалдық-техникалық базаны және ақпараттық ресурстарды үнемі жетілдіріп отыруға көңіл бөлетіні байқалды. Заманауи аудиториялар қоры, жатақханадағы орын саны, лабороториялар мен олардың жабдықталуы бүгінгі күннің талабына жауап береді әрі үнемі жаңартуды көздейді.

Ақпараттық инфоқұрылым әрбір білім алушыға оқытудың барлық кезеңінде қол жетімді. Білім беру бағдарламасы, оның мақсаттары, іске асырылуы және даму бағыттары туралы ақпараттандыру келесі ақпараттық ресурстар арқылы жүзеге асырылады:

Ресми сайт: https://qyzpu.edu.kz/kz;

Instagram әлеуметтік желісі: https://www.instagram.com/qyzpukz;

Facebook әлеуметтік желісі: https://www.facebook.com/qyzpuedukz;

ВКонтакте әлеуметтік желісі: **https://vk.com/qyzpu_edu_kz**

YouTube арнасы:https://www.youtube.com/c/QyzdarUniversitet%C4%B1

Telegram арнасы: https://t.me/kazmkpu

Университетте заманауи үлгідегі кітапхана, кітаптар қоры мен электронды ресурстардың қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Кітапханада жаңа үлгідегі оқу залдары, топтық жұмыс жасауға арналған шағын бөлмелер, бала мен анаға арналған бөлме, жекелік бөлмелердің болуы университеттің заман талабына сәйкес даму ерекшелігін танытады.

Университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге оңтайлы жағдай жасалған, ғылыми ізденістерін StrikePlagiarism плагиат сияқты халықаралық автоматтандырылған жүйе арқылы тексеру мүмкіндіктері қарастырылған. Университет аумағында Wi-Fi интернет желісі үздіксіз жұмыс істейді. Университетте Platonus ААЖ жұмыс істейді.

*Білім алушылардың сауалнамасы толық қанағаттанарлық жағдайды көрсетті:*

*- Кітапхана ресурстарына қолжетімдік деңгейі -* 87% *(141 адам).*

*- Кітапхана мен оқу залдарында көрсетілген қызметтің сапалық деңгейі -* 87% *(141 адам).*

*- Компьютерлық сыныптардың қолжетімділік деңгейі - 84 % (136 адам).*

*- Интернет-рессурстарының қолжетімділігі мен сапалық деңгейі – 82,7% (134 адам).*

*- Үлкен топтарға арналған оқу кабинеттері,аудиториялардың болуы - 82,7% (134 адам).*

*- Студенттерге арналған құрылғылар мен жабдықталудың қауіпсіз, жайлы және заманауи деңгейі- 86,4 % (140 адам).*

*- Студенттерге арналған демалыс бөлмесі (бар болса) - 79% (128 адам).*

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын**

**мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***күшті жақтары / үздік тәжірибе:***

- осы стандарт бойынша күшті жақтары анықталған жоқ.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»ББ** бойынша ***ССК ұсынысы:***

- Осы стандарт бойынша ұсыныстар жоқ.

**«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «7М01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» ББ** бойынша ***ССК қорытындысы:***

*«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 17 критерий қанағаттанарлық.*

## 6.9. Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»

*ЖОО жарияланатын ақпараттың дәл, объективті, өзекті екендігіне кепілдік береді және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетеді*

*Жұртшылықты ақпараттандыру елді дамытудың ұлттық бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуге тиіс*

*ЖОО басшылығы көпшілікті және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін Ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін (соның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс*

*ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуға және мыналарды қамтуға тиіс:*

*біліктілік берілген ББ мақсаты және жоспарланған нәтижелері;*

*білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мен мәліметтері;*

*академиялық ұтқырлық бағдарламалары және серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың басқа да нысандары туралы мәліметтер;*

*білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер;*

*білім беру қызметтері нарығында ББ позициясын көрсететін деректер (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде);*

*Ашық ресурстарда персонал бөлінісінде ПОҚ туралы сенімді ақпаратты жариялау маңызды фактор болып табылады*

*ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс*

*Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады*

***Дәлелдеу бөлімі***

ССК ұсынылған құжаттарды, университеттің ресми веб-сайтын, әлеуметтік желілердегі ақпараттық ресурстарын және мақсатты топтармен жүргізілген сұхбаттарды талдау негізінде университеттің қоғамды ақпараттандыру саясаты жүйелі түрде жүзеге асырылатынын анықтады.

Университет білім беру қызметі туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ресми веб-сайтты https://qyzpu.edu.kz, әлеуметтік желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа да ақпараттық платформаларды пайдаланады. Университеттің ресми сайты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейді және білім беру процесін қолдаудың негізгі ақпараттық ресурсы болып табылады.

Сайтта университеттің құрылымы, даму стратегиясы, білім беру бағдарламалары, ғылыми қызмет, халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері,

